



#4 (07-08) 2025

АННЫҢ
ЫҚ
І

 KONRAD
ADENAUER
STIFTUNG

Adal
Azamat

А З А М А Т Т Ы Қ Қ О Ғ А М Ж У Р Н А Л Ы

АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАР – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҒЫНЫҢ СӘУЛЕТШІЛЕРІ





ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЪЯНСЫ

ҚАА БАСТЫ МҰРАТЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» қауымдастығы нысанында ЗТБ бүкіл ел бойынша 5000-нан астам коммерциялық емес ұйымдарды қамтитын ең ірі республикалық бірлестіктердің бірі болып табылады.

Қазақстанның Азаматтық альянсы 2005 жылы құрылды. Альянстың айрықша ерекшелігі оның елдің әр аймағында ұсынылған өңірлік құрылымдары болып табылады.

НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- үкіметтік емес секторды дамытуға жәрдемдесу, Қазақстанда ҰЕҰ жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру
- қоғамдық бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету
- қоғам, бизнес құрылымдар, халықаралық ұйымдар мен ҚР мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара тиімді әріптестікті дамыту
- ҚР-да Қоғамдық кеңестердің қызметін қолдау.
- Қазақстанда демократиялық процестерді орнықты дамыту және ілгерілету үшін мүшелер мен серіктестердің күш-жігерін біріктіру.

МЕКЕНЖАЙЫ:

Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1,
Сулы-жасыл желекжол бизнес орталығы, 12-қабат

ТЕЛЕФОН:

+7 775 274 22 69

E-MAIL:

civilalliance20@gmail.com



www.civilalliance.kz

Мазмұны

3

Қазақстан Республикасындағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың өкілдігі директорының м.а. Виктор Франктың алғы сөзі

4

Басты оқиғалар

8

«Игі істер уақыты» – өкіну емес, мүмкіндік сыйлау

12

Үкіметтік емес ұйымдар назарында: заңнаманы қайта жүктеу



14

Қазіргі қоғамдағы мемлекеттік рәміздердің рөлі: сарапшылар не дейді

18

Мұрат Әбен
«Қазақстанда қоғамдық ұйымдардың қызметі кәсібиленіп, бір жүйеге келтірілді»

22

Жанна Асанова
«Өнеге алуға тұрарлық тәжірибе»

26

Марат Сұлтанғазиев
«Алматы облысы үш жыл ішінде өзінің тұрақты өсу моделін әзірледі»



Adal
Azamat

№ 4 (07-08) 2025

Қазақстанның азаматтық қоғамы туралы
ақпараттық-талдамалық журнал

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» қауымдастығы
нысанында ЗТБ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А.А. Құрманова
Б.Г. Нұрғазиева
В. Франк
Қ.С. Әбдіхалықов
Л.С. Ахметова
М.С. Башимов
Н.Б. Жүсіп
Л.М. Қалтаева
Д. Окремова
С. Түгел
А.Ш. Тлебергенова

БАС РЕДАКТОР: Б.Г. Нұрғазиева

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР: Н.В. Шаяхметова

ДИЗАЙНЕР: М. Есенаманов

КОРРЕКТОР: Е.И. Шубина

АВТОРЛАР: А. Муканова, С. Жаркинова,
Е. Заболотских

АУДАРМАШЫЛАР: С. Канапина,
Ә. Тышкомбаева

СУРЕТ: В. Шаповалов

ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫ: ЖК «NV Media»

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1,
Сулы-жасыл желекжол БО, 12-қабат
Тел.+7 775 274 22 69
email: civilalliance20@gmail.com
www.civilalliance.kz

ЖУРНАЛ ТІРКЕЛДІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті
04.12.2023 жылғы № № KZ06VPY00083147 куәлік

ТАРАЛУ АУМАҒЫ: Қазақстан Республикасы

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМ: 1000 дана

БАСЫЛДЫ: «Print House Gerona» ЖШС

Материалдарды немесе олардың үзінділерін кез
келген көшіруге редакцияның жазбаша рұқсатымен
ғана жол беріледі. Редакцияның пікірі міндетті түрде
авторлардың пікірімен сәйкес келмейді

Журналды жариялау Конрад Аденауэр атындағы
Қордың қолдауымен жүзеге асырылды.

KONRAD
ADENAUER
STIFTUNG

Мазмұны

32 ЕО-ның Қазақстандағы елшісі Алешка Симки
Азаматтық қоғам өзгерістердің драйвері ретінде: ЕО мен Орталық Азия диалогында үшінші сектордың рөлі



40 Салтанат Есмағанбетова
Жүректен шыққан мамандық: Астанада аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға қалай көмектеседі

44 Владислав Голярко
Қалдықтарды табысқа, ал идеяны – шындыққа айналдыру

48 Абылайхан Әбдіраш
«Уақыт өте келе Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар Үкіметпен тең дәреже жұмыс атқара алатынына сенемін»

52 Ирина Терентьева
ҮЕҰ-дағы мобильділік пен көлденең қарым-қатынас – мені осы қызықтырады

56 Инара Намазбаева
«Бірлікке ұйытқы болған әйел» – Түркістан облысында әйелдер көшбасшылығының күші туралы

60 Исламбек Дастан
«Тамшы тасты жарады»: ҮЕҰ рөлі, жастар және азаматтық қоғамның болашағы туралы

64 ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНЕН ӨШПЕК ЕМЕС

68 Жанна Исингарина
«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға енгізілген түзетулер: оң өзгеріс пе, әлде дау тудырған жоба ма?



72 Блиц сауалнамасы
Азаматтық қоғам – бұл...



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздерді Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қор өкілдігінің атынан шын жүректен құттықтаймын.

Бұл шығарылым Қазақстанның азаматтық қоғамы ынтымақтастықта барған сайын белсенді және елеулі рөл атқаратын уақытта жарыққа шығады. Бұл өзара іс-қимылды нығайту ұзақ уақыт бойы тек идеалистік мақсат қана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақты, инклюзивті әрі перспективалы дамуының басты шарты болды. Қазіргі қоғам оның барлық мүшелерінің бірлескен күш-жігерінің және әр түрлі көзқарастарға байыпты қарау және оларды нәтижелі біріктіру қабілетінің арқасында өмір сүреді.

Конрад Аденауэр атындағы Қор көптеген жылдар бойы Қазақстанда саяси білім беру, құқық үстемдігін ілгерілету және азаматтық ұстанымды жандандыру саласындағы жобаларды іске асыра отырып, осы үдеріспен бірге жүреді. Біз бұл жұмысты тұрақты ғана емес, сонымен қатар оқуға қабілетті, диалогқа дайын және қоғамның жаңа импульстарына ашық тұрақты институттарды құруға үлес ретінде қарастырамыз. Күшті демократияға тек жұмыс істейтін құрылымдар ғана емес, сонымен қатар сыни және сауатты азаматтық қоғам қажет.

Дәл осы жаһандық сын-тегеуріндер мен қоғам ішіндегі трансформация процестері аясында айқын болады: ынтымақтастықты біркелкілікпен шатастыруға болмайды. Сындарлы сын мен объективті пікірталас кедергілер емес, прогресс үшін қажетті жағдайлар болып табылады. Шынында да, ашық және құрметті пікірталаста ғана өміршең шешімдер пайда болады. Немесе Конрад Аденауэр айтқандай: «Егер екі адамның пікірі әрдайым сәйкес келсе, екеуі де ештеңеге жарамайды».

Біздің халықаралық тәжірибеміз көрсетеді: қоғамдық диалогтың сапасы ресми құрылымдарға емес, мемлекет, азаматтық қоғам, экономика және ғылым арасындағы сенімге байланысты. Бұл сенім нақты қатысу мүмкін болған жерде өседі, мұнда сын тек шыдамдылық танытып қана қоймай, тыңдалып, өнімді процестерге айналады. Сондықтан біз тыңдау, дәлелдеу және жауапты өзара іс-қимыл мәдениетін қолдауды жалғастырамыз.

Біз барлық серіктестерімізге олардың ашықтығы, кәсібилігі және міндеттемесі үшін алғыс айтамыз. Осы бағылымда ұсынылған мақалалар жаңа серпін береді және Қазақстан мен өңірдегі азаматтық қоғамның болашағы туралы пікірталасты тереңдетуге ықпал етеді деп үміттенеміз.

Құрметпен,
Виктор Фрэнк

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстан Республикасындағы өкілдігі директорының міндетін атқарушы



5-ші ЕО-Орталық Азия азаматтық қоғам форумы 150-ден астам қатысушыны жинады

28-30 қаңтар аралығында Алматыда 5-ші ЕО-Орталық Азия азаматтық қоғам форумы өтті. Бұл оқиға ЕО қаржыландыратын және UNOPS (БҰҰ Жобаларға қызмет көрсету басқармасы) жүзеге асыратын Еуропалық одақ қорының аймақтағы азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі маңызды жобасы болып табылады. Биылғы жылы форум жұмысына ЕО, БҰҰ агенттіктерінің, өңірлік үкіметтер мен азаматтық қоғам ұйымдарының 150-ден астам өкілі қатысты. Үш күн ішінде қатысушылар цифрлық трансформация, климаттың өзгеруі, жастардың қатысуы және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту мәселелерін талқылады.

Форумның ашылу күні ҚР мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова қонақтар мен қатысушыларды құттықтады. Ол мемлекеттің үкіметтік емес секторды қолдау бойынша жүргізіп жатқан жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталып, елдің дамуындағы азаматтық қоғамның рөлін атап өтті.

Еуропалық одақтың Қазақстандағы елшісі Алеша Симкич азаматтық қоғамның демократиялық басқару мен тұрақты дамуды ілгерілетудегі маңыздылығын атап өтті.

«Еуропалық одақ Орталық Азиямен қарым-қатынасты нығайтуға

және азаматтық қоғамның өңірлік тұрақтылықты, әлеуметтік интеграцияны және тұрақты дамуды нығайту жөніндегі баға жетпес жұмысын қолдауға ұмтылады. Ынтымақтастық арқылы біз цифрлық трансформациядан климаттың өзгеруіне дейінгі қазіргі заманның ең өзекті проблемаларын шеше аламыз және сонымен бірге жастар мен әйелдерге өз болашағын қалыптастыруда белсенді рөл атқаруға мүмкіндік бере аламыз», – деді Алеша Симкич.

Оның айтуынша, форумда көтерілген маңызды мәселелер – бұл тек теориялық талқылаулар емес. Бұл – азаматтық қоғам шешуші рөл атқаратын саясатты қалыптастырудың жанды процесі.

БҰҰ Жобаларға қызмет көрсету басқармасының (UNOPS) көп елдік кеңсесі директорының м.а. Гюрель Гуркан тұрақты өзгерістерді қамтамасыз етудегі азаматтық қоғамның рөлін атап өтті.

«Біз дамудың күрделі проблемаларын шешу үшін ынтымақтастық пен инновацияның күшіне сенеміз. Азаматтық қоғам – осы жұмыстың дәл орталығында, сындарлы өзгерістерді қамтамасыз етеді. Серіктестік қарым-қатынасыздың арқасында біз Орталық Азияда инклюзивті дамуға жәрдемдесу және тұрақты

даму мақсаттарына қол жеткізуге көмектесу үшін азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтыламыз. Форум білім алмасуға, серіктестік қарым-қатынас орнатуға және осы аймақтағы адамдар үшін аса маңызды мәселелерді шешуде ілгерілеуді жеделдетуге бірегей мүмкіндік береді», – деп атап өтті Гюрель Гуркан.

Өз кезегінде, сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко Қазақстан азаматтық қоғамды өзінің даму бағдарламасында маңызды серіктес санайтынын атап өтті.

«Бұл форум азаматтық қоғам ұйымдары мен үкіметтер арасындағы сындарлы диалогқа, біздің мақсаттарымызды үйлестіруге және гүлденген әрі инклюзивті Орталық Азияны құру үшін бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – деді Роман Василенко.

Келесі екі күнде топтық пікірталастар, арнайы семинарлар ұйымдастырылды.

Форумда климаттың өзгеруі проблемасы қызу талқыланды. Жаһандық жылынуды, құрғақшылықты, су тасқынын және су тапшылығын ескере отырып, форумға қатысушылар жоғарыда аталған проблемалардың барлығын шешу үшін үйлестірілген күш-жігерді қажет деген ортақ пікірге келді.

Ірі инфрақұрылымдық жобалардың қауіпсіздігі және олармен байланысты экологиялық тәуекелдер мәселесі де өзекті болды. БҰҰ Жобаларға қызмет көрсету басқармасының (UNOPS) көп елдік кеңсесі директорының м.а. Гюрель Гуркан UNOPS Қазақстанда атом электр станцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өз рөліне назар аударатынын айтты. Бұл ретте UNOPS тәуекелдерді азайтуға және халықаралық стандарттарды сақтауға бағытталған қаржылық және сараптамалық қолдау көрсететінін атап өту маңызды.

Еуропалық одақтың Қазақстандағы елшісі Алеша Симкич ОА елдерінің елдің саяси өміріне әйелдердің қатысуындағы күш-жігерін бағалады. Оның айтуынша, Орталық Азия елдерінде әйелдердің

қоғамдағы рөлі біртіндеп артып келеді және форумда әйелдердің жағдайын жақсартуға, сондай-ақ олардың саяси процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар белсенді талқыланды.

«Талқылау барысында талдауға түскен мәселелер бойынша әр түрлі пікірлер айтылды. Біреу өз елдерінің нақты мемлекеттік органдарына қатаң дәлелдер келтіре отырып, сыни тұрғыдан ғана қарауды жөн көрді, ал басқалары өзекті проблемаларды шешудегі тәжірибелерімен және әзірлемелерімен бөлісті», – деді Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева.

Қазақстаннан қатысушылар цифрландырудың қарқынды дамуы жағдайында дербес деректерді қорғаудың жеткіліксіздігі туралы айтты.

«Сөз сөйлегендердің барлығы ЕО мен Орталық Азияның қоғамдық пікір көшбасшылары арасындағы өзара іс-қимыл азаматтық қоғамның құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ортақ міндеттемені көрсететінін атап өтті. Форум Еуропалық одақтың Орталық Азия бойынша ЕО стратегиясын іске асыру үшін идеяларды талқылау, инновациялық ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу арқылы өңірдің проблемаларын шешетін мықты азаматтық қоғамды дамытуға

жәрдемдесуге деген ұмтылысының көрінісі болды», – деп атап өтті Бану Нұрғазиева.

Оның айтуынша, мұндай форматтағы іс-шаралар бізге өте қажет, өйткені Орталық Азияның азаматтық секторы қарқынды дамып келеді.

Ол тағы да Еуропалық одақ азаматтық қоғам ұйымдарының адам құқықтарын қорғау, өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз ету, елдің инклюзивті және тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелеріндегі демократиялық басқарудың негізі ретіндегі рөлінің маңыздылығын мойындайтынын растайды.

Қазақстан қоршаған ортаға шығарындыларды азайту жөніндегі Ұлттық жоспарды қабылдады

Қазақстан Орталық Азияда қоршаған ортаға CO2 шығарындыларын азайту жөніндегі Ұлттық жоспарды қабылдаған бірінші ел болды. Осылайша, ел ИКАО (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) бастамасын қолдап, климаттың өзгеруіне қарсы күреске өз үлесін қосты. Бұл жұмыс климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын іске асыру, сондай-ақ авиацияның жаһандық климатқа әсерін азайту жөніндегі ИКАО бастамасын қолдау шеңберінде жүргізілді.

Ұлттық жоспарды Қазақстанның авиациялық билігі қабылдады. Көлік министрлігінің хабарлауынша, Ұлттық жоспар авиацияның қоршаған ортаға әсерін айтарлықтай азайтуға бағытталған.

«Жоспар шеңберінде энергетикалық тиімді технологияларды қолдана отырып, әуежайлардың инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі шараларды қоса алғанда, бірқатар бастамаларды енгізу, сала субъектілерін тұрақты авиациялық отынға (SAF) көшіру жөніндегі келісілген шараларды әзірлеу, көміртегі шығарындыларын өтеу жөніндегі ИКАО бағдарламасын қолдау жөніндегі заңнамалық түзетулер көзделген. Жоспарды

қабылдау Қазақстанның климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық келісімдерді орындау жөніндегі міндеттемелерінің бір бөлігі болып табылады», – делінген ведомствоның хабарламасында.

Ұлттық жоспар барлық мүдделі тараптардың, сондай-ақ азаматтық авиация саласы субъектілерінің белсенді қатысуымен іске асырылады. Ал оны іске асыру нәтижелері іс-әрекеттерді түзету және олардың тиімділігін арттыру үшін тұрақты негізде бақыланады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде экологиялық мәселелерге үнемі назар аударады.

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте Президент өнеркәсіптік кәсіпорындар экологиялық талаптарды мүлтіксіз сақтауы тиіс екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев олардың барлық экологиялық талаптарды сақтауын қатаң бақылау қажеттігі туралы айтты.

Айта кету керек, Қазақстанда жаңа Экологиялық кодекс қолданылады. Кәсіпорындарға қойылатын талаптар күшейтілді, «ең озық қолжетімді технологиялар» тетігі енгізілді. Жаңа стандарттарға сәйкес келмейтін компаниялар жоғары экологиялық алымдарды төлеуге міндетті. Жаңа кодекстің негізгі аспектілерінің бірі ластану деңгейін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін кезең-кезеңімен енгізу талабы болды.

Сонымен қатар, Экология министрлігі парниктік газдар шығарындыларын азайту бағдарламасын әзірледі. 2030 жылға қарай олардың көлемін 15%-ға азайту мақсаты қойылды. Осы мақсатқа жету үшін кәсіпорындарға шығарындыларды тазарту технологияларын енгізу, жабдықты жаңарту және баламалы энергия көздеріне көшу ұсынылды.



Қазақстанда ҰЕҰ туралы заңнаманы жетілдіру жұмыстары басталды

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» заң жобасын әзірлеу бойынша жұмысты бастады. Азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылды, оның шеңберінде болашақ заңның тәсілдері мен негізгі бағыттары пысықталады. Айта кету қажет, қазіргі уақытта азаматтық қоғам өкілдерінен ұсыныстар жиналуда.

Бұған дейін ҚР мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бұйрыққа сәйкес үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс тобын құруды тапсырған болатын. Бұйрыққа сәйкес жұмыс тобы 2025 жылғы 1 маусымға дейін реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын әзірлеуі, ал 1 тамызға дейін оны Әділет министрлігі жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияға енгізуі тиіс. Жұмыс тобының қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Азаматтық қоғам істері комитетіне жүктелген.

«Келіп түскен барлық ұсыныстар жұмыс тобы шеңберінде пысықталады және одан әрі талқылау үшін негіз болатын реттеушілік саясаттың консультативтік құжатының (РСКҚ) жобасына енеді. Жұртшылық заң жобасындағы жұмыс барысы туралы, оның ішінде болашақ заңның негізгі новеллалары туралы үнемі

хабардар болады», – деп хабарлады ведомствода.

Еске сала кетейік, Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметтік емес ұйымдар туралы жеке заң құруды ұсынды.

«Азаматтық сектор реформаларды жүргізу және қоғамды дамыту ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәріптеуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманның талаптарына сай келетін жеке заң керек. Әрине, заң жобасы терең және жан-жақты сараптамадан өтуге тиіс. Құзырлы органдар сарапшылар мен қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, бұл мәселемен айналысуы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанда 20 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым тіркелген.

Қазақстанда азаматтық қоғам белсенді дамып келеді және бұл үдерістегі ҰЕҰ маңызы өте зор. Мемлекет алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді ойдағыдай шешу үшін мемлекет пен үшінші сектор арасында тығыз ынтымақтастық қажет. Азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру, орта таптың қолдауы және әлеуметтік теңсіздікті азайту – барлық қатысушылардың ортақ

мақсаты. Оған қол жеткізу үшін экономиканы дамыту ғана емес, сонымен қатар құқықтық өзгерістер енгізу қажет. Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева ҰЕҰ туралы жеке заңның қабылдануының маңыздылығын атап өтті.

Қазақстанның Азаматтық альянсы құрылған сәттен бастап азаматтық қоғамды шоғырландыру және мемлекеттік құрылымдармен ынтымақтастықты дамыту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Ұйым сонымен қатар халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған шешімдерді әзірлеу процесіне жұмыс істеп тұрған ҰЕҰ-ны тартуға тырысады.

«Биылғы жылы Альянс сарапшылары үкіметтік емес сектордың қызметіне қатысты заңнаманы жетілдіру бойынша жұмысты бастады. Бір қарағанда, елде ҰЕҰ жұмыс істеуі үшін қажетті институционалдық, құқықтық тетіктер құрылғанына қарамастан, қоғамдық бірлестіктер жұмысының тиімділігін шектейтін белгілі бір кедергілер бар. Бүгінгі күні үшінші сектор қаржыландыруға, құзыреттілікке және мемлекеттік құрылымдармен өзара әрекеттесуге байланысты көптеген қиындықтарға тап болады. Бұл проблемаларды шешу үшін заңнамалық деңгейде жүйелі өзгерістер қажет», – деп түсіндірді Бану Нұрғазиева.

Альянс кәсіподақтар, саяси партиялар мен діни бірлестіктер үшін жасалғандай, үкіметтік емес ұйымдар туралы жеке заңның маңыздылығын атап өтеді. Мұндай заң маңызды мәселелерді реттеуі керек, мысалы: ҰЕҰ-на салық салу, тіркеу және тарату, сондай-ақ олардың халықаралық байланыстары. Қазір қолданыстағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заң жоғарыда аталған тақырыптарды қамтымайды. Бану Нұрғазиева атап өткендей, осы саладағы қазіргі заманғы заңнама ҰЕҰ жұмысын тиімдірек етуге және олардың мемлекетпен ынтымақтастықтағы рөлін күшейтуге жәрдемдеседі.



Қазақстанда арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға лицензияны қалай алуға болады?

Арнаулы әлеуметтік қызметтер халықтың осал топтарын – мүмкіндігі шектеулі жандарды, жетім балаларды, қарт азаматтарды және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жандарды қолдауға арналған.

2024 жылдың қазан айынан бастап ҚР ЕХӘҚМ жанындағы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық департаменттері лицензия алды талдау жүргізе бастады. Жергілікті атқарушы органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін барлық ұйымдарды лицензиялауға дайындау мәселелері пысықталды.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстанда халықты қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді лицензиялау енгізілгені қызметтерді лицензиялау енгізілгені қызметтердің сапасын жақсарту үшін Қазақстанда 1 қаңтардан бастап осындай қызметтерді көрсететін мамандардың тізілімі енгізілді. Бұл – әрбір әлеуметтік қызметкер туралы толық ақпарат сақталатын

әлеуметтік қызметтер порталында орналастырылған электрондық деректер қоры: жеке деректер, білім, біліктілікті арттыру курстарынан өткен, аттестаттау нәтижелері, жұмыс тәжірибесі және т.б.

«Тізілім арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін барлық мамандардың тізбесін тиімді қалыптастыруға, әлеуметтік қызметкерлер туралы ақпаратқа қолжетімділікті жақсартуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді», – деп түсіндірді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 1023 объектінің бөлімшелерін ескере отырып, 502 мемлекеттік ұйым және 122 ҰЕҰ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Олардың ішінде арнаулы қызмет көрсету орталықтары, күндізгі орталықтар, оңалту орталықтары мен үйдегі әлеуметтік көмек бөлімдері, уақытша болу орталықтары мен дағдарыс орталықтары бар.

«Әлеуметтік қызметкерлер 8 қызмет түрін көрсетеді: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-пси-



хологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек және әлеуметтік-медициналық. АӘҚ оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, олардың алушыларының жасын және денсаулық жағдайын, сондай-ақ тұру жағдайларын ескере отырып тағайындалады», – деп атап өтті ведомствода.

Меншік нысанына қарамастан, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін барлық ұйымдар лицензиялауға жатады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі түсіндіргендей, лицензиялау қызметтердің сапасын арттырады және көмек алушылар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Лицензия алу үшін санитарлық талаптар мен өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес келетін ғимарат, жабдықталған материалдық-техникалық база, білікті персонал, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін үй-жайлардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және басқа да міндетті шарттарды орындау қажет. Лицензия талаптарын орындамаған ұйымдар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету құқығынан айырылады. Меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік және жеке ұйымдар лицензиялауға жатады.

Лицензия алуға өтінішті aleumet.egov.kz әлеуметтік қызметтер порталы арқылы беруге болады.

«ИГІ ІСТЕР УАҚЫТЫ» – ӨКІНУ ЕМЕС, МҮМКІНДІК СЫЙЛАУ



Қазақстанның бірнеше қаласында «Игі істер уақыты» халықаралық форумы өтті. Оның жұмысы мүгедектерді жұмысқа орналастыру мәселелеріне арналды. Кездесу Астанада басталып, одан әрі Өскемен, Семей және Павлодарда жалғасты.

Форум Қазақстан Азаматтық альянсының алаңында өтті.

Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева пікірталас алаңын ашып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда айтқан сөздерін еске салды. ҚР Президенті ерекше қажеттіліктері бар әрбір баланың сапалы білімге қол жеткізуі тиіс екенін, ал еліміздің әрбір облыс орталығында ерекше балаларды оңалту және дамыту орталықтары пайда болуы тиіс екенін атап өтті.

Бану Нұрғазиева балаларға ғана емес, олардың ата-аналарына да қолдау көрсету қажет екенін атап өтті. Әсіресе, жұмыспен қамту мәселелерінде, өйткені тұрақты жұмыс мұндай отбасыларға өздерінің негізгі



қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолдау бір реттік емес, тұрақты болуы керек, деп санайды еліміздің 22 аймағында 50 мыңнан астам отбасын біріктіретін Ерекше балалар ата-аналары одағында.

«Ата-аналар қауымдастығы бүгінде тұрмыстық бастамалар шеңберінен шығады. Біз сарапшы, навигатор, серіктес және барлық ілеспе проблемаларды шешуге мемлекеттік тәсілдердегі өзгерістер агенттері болуымыз керек. Бұл шешім кешенді болуы керек, өйткені мүгедек баланың өзіне ғана емес, оның дені сау бауырларына да, әрине, ата-аналарына да өз отбасына қамқорлық жасау үшін үнемі ресурс табу үшін көмек қажет», – деді одақ басшысы Рауана Сағадиева.

Оның айтуынша, мүгедектердің өздері ғана емес, сонымен бірге ата-аналары да, әсіресе баламен жиі жалғыз тұратын аналар, күтім мен өмір сүру қажеттілігін біріктіретін аналар да жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болады. Ол «Игі істер уақыты» форумы жай ғана оқиға емес, тұрақты болашақ үшін мемлекетті, бизнесті және қоғамды біріктіретін нақты платформа болғанын атап өтті. Ең бастысы, мұндай отбасылар аяушылық танытуды сұрамайды, олар өздерін дамыту және балаларының әлеуетін ашу үшін нақты мүмкіндіктерге мұқтаж.

«Про нее» мүгедек балалар аналарының халықаралық қауымдастығының төрағасы Инна Орлова даму ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған әйелдердің жаңа – фуд-флорист, пірәндік пісіруші және

»

« Бірнеше күн бойы екі елдің сарапшылары мүгедек балалар өсіп келе жатқан отбасылармен жұмыс істеу бойынша әріптестерімен тәжірибе алмасты, қолданыстағы қолдау шаралары туралы хабардар етті»

SMM мамандықтарын қалай табысты игеріп жатқаны туралы айтып берді.

Ол мұндай отбасылардың алдында тұрған проблемалар Қазақстанда да, Ресейде де бірдей екенін қосты. Сондықтан оларды ортақ күш-жігермен – мемлекетпен және бизнеспен ынтымақтастықта, аналар өз балаларына қамқорлық жасап қана қоймай, сонымен қатар жұмыс істей алатын және демалатын жағдайлар жасай отырып шешу керек. Инна Орлова ата-аналарға икемді жұмыс уақыты мен үйден жұмыс істеу мүмкіндігі бар мамандықтарды ұсыну маңызды деп санайды. Мысалы, фуд-флористиканы онлайн режимінде үйренуге және үйден шықпай-ақ әлеуметтік желілер арқылы тәтті гүл шоқтарын сатуға болады.

Сонымен қатар, форум аясында қайта өңделген шикізаттан жасалған костюмдермен «Ғарыштық дефиле» өтті.



«Special Hearts KZ» инклюзивті балалар сән театрының жетекшісі Жанна Шкатова бірнеше ай жұмыс істегенде балалар өзгергенін – ашық бола бастағанын, қарым-қатынас жасай бастағанын, эмоцияларын білдіре бастағанын айтты. Кейбіреулер үшін қатысу үлкен жетістік болды – олар сөйлей бастады, белсенді әрі сенімді бола түсті.

Бірнеше күн бойы екі елдің сарапшылары мүгедек балалар өсіп келе жатқан отбасылармен жұмыс істеу бойынша әріптестерімен тәжірибе алмасты, қолданыстағы қолдау шаралары туралы хабардар етті.

Семейде ерекше балаларды тәрбиелеп отырған әйелдер бизнесті бастаудағы жетістіктеріне тоқталды. Барлық аналар бизнесті бастау бойынша жеке консультация алды. Бейіндік құрылымдар жобаларды тіркеуге және инвесторларды іздеуге жәрдемдесуге уәде берді. Сондай-ақ, кездесу барысында – «Пірәндік ісі» шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Қатысушылар пірәндіктерді бояды және аспаздық дағдыларды қалай ақшаға айналдыру керектігін талқылады.

– Өскеменде Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің алаңында Мәскеу облысының өкілдері ата-аналарды тарту және даму ерекшеліктері бар балалар-



мен жұмыс жөніндегі мамандардың отбасылармен тиімді өзара іс-қимыл жасау тәжірибесімен бөлісті.

20 сәуірде Павлодар қаласында Торайғыров университетінің коворкингінде қорытынды дөңгелек үстел өтті. Форумға қатысушылар хоббиді бизнеске айналдыру қыр-сырымен бөлісті: оңалту кабинеттері, ойыншықтар жасау, арнайы массаждар және тағы басқалар. Сондай-ақ, аналар басқа қалаларға, тіпті елдерге сатылатын ұлттық элементтермен өздерінің қолөнер туындыларын көрсетті. Бұған қоса, олар шағын кәсіпкерлік үшін гранттар алу бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысу тәжірибесімен бөлісті.

Айта кету керек, «Игі істер уақыты» халықаралық форумы алғаш рет 2022 жылы өтті. Үш жыл ішінде Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстанда жеті кездесу ұйымдастырылды. Негізгі тақырыптар әлеуметтік-мәдени кеңістіктер құру, жастарды кәсіптік бағдарлау, инклюзивті білім беру, волонтерлікті, халық қолөнерін және креативті индустрияларды дамыту, мүгедек балаларды оңалту және даму ерекшеліктері мәселелері болды.



ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР НАЗАРЫНДА: ЗАҢНАМАНЫ ҚАЙТА ЖҮКТЕУ



Ағымдағы жылдың 29 мамырында Қазақстанның Азаматтық альянсының «Ұстаным» пікірталас клубының алаңында үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тіркеу мәселелеріне арналған отырыс өтті. Кездесудің күн тәртібі осы жылы ҚР Президенті мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманы жаңғырту және үкіметтік емес ұйымдар туралы жаңа заң әзірлеу қажеттілігін айқындаған тапсырмаларымен тікелей байланысты болды.

Іс-шараны ашқан Қазақстан Азаматтық альянсының басшысы Бану Нұрғазиева нормативтік базаны өзектендіру бойынша ауқымды жұмыс басталғанын атап өтті.

Осы жұмыстың егжей-тегжейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Гүлбара Сұлтанова ұсынды. Оның айтуынша, ведомство жанынан 100-ге жуық сарапшы мен ҮЕҰ өкілдерін біріктіретін екі жұмыс тобы жұмыс істейді. Қазірдің өзінде екі отырыс өтті. Бұған қоса, өткен жылы құрылған тізілімде көрсетілген проблемаларды шешу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Негізгі сын-тегеуріндердің қатарында Гүлбара Сұлтанова әр түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардың құқықтық мәртебесінің айқын еместігін атап өтті. Мәселен, қоғамдық бірлестіктердің нақты аумақтық аражігін ажырату (жергілік-



ті, өңірлік, республикалық) бар, ал қоғамдық және жеке қорлардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың бірлестіктерінің аумақтық байланысы жоқ.

Тіркеу мәселелеріне ерекше назар аударылды. «Бір терезе» қағидатын іске асыруға қарамастан, құжаттарды тапсыру үшін әлі де жеке келу қажет, бұл ретте коммерциялық сектор толығымен электрондық форматқа көшті.

Сондай-ақ, спикер жарғылық мақсаттарды тұжырымдау кезінде ресми тәсілдің кең таралған үрдісін атап өтті. Оның айтуынша, бірқатар ҮЕҰ әлеуметтік міндеттерді шешу емес, қаржыландыру алу мақсатында ғана құрылады. Жарғы құжаттарында нақты мақсаттар мен міндеттер көрсетілуі тиіс болғанымен, іс жүзінде бұлыңғыр жазылған, ал олардың саны 50-60-қа дейін жетуі мүмкін.

«Мақсаттар нақты көрсетілмеген жағдайда, ҮЕҰ кез келген іспен айналыса алады – бұл ұйымның қандай жобаларға өтінім беретіндігіне байланысты. Бүгін бұл экология болуы мүмкін, ертең – қарттарды қолдау. Мұндай әмбебаптық жұмыс сапасына әсер етеді», – деп атап өтті Сұлтанова.

Шешімдердің бірі ретінде ол жарғыда көрсетілетін қызмет бағыттарының санын шектеуді ұсынды, бұл кәсіби, яғни әмбебап ҮЕҰ емес, мамандандырылған жобаларды тиімді жүзеге асыра алатын нақты бағыттағы ҮЕҰ қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ГРАНТТАР МЕН ЖАРҒЫЛАР

Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының басқарма төрайымы Лима Диастың айтуынша, ҮЕҰ мемлекеттік гранттарға тіркелу және өтінім беру кезінде үнемі қиындықтарға тап болады. Бұл проблема көбінесе жарғылық құжаттарды тексеру кезеңінде жиі кездеседі.

Атап айтқанда, гранттарға қойылатын техникалық тапсырмаларда нақты аумақтар шеңберінде күтілетін нәтижелер нақты көрсетілген. Алайда, жарғыларда көбінесе ұйымның географиясы туралы ақпарат болмайды.

«Іс жүзінде біз ұйымның қандай мәртебесі бар екенін анықтай алмаймыз – жергілікті, өңірлік немесе республикалық. Яғни, ол мүлдем жазылмайды. Екіншіден, мәртебені тұжырымдау мен қызмет географиясын сипаттау арасында қайшылықтар бар. Мысалы, жарғыда ол жергілікті деп жазылған, бірақ жұмыс мақсаты мен бағыттары үш-бес өңірді қамтиды. Тағы бір проблема – жарғыларда тіркеу мәртебандары жоқ немесе қосымшалары жоқ, сондықтан аумақтық тиістілікті одан әрі тексеру мүмкін емес. Кейде мынадай алшақтықтар кездеседі, мысалы, мәртебан Астана қаласының әділет органдарында қойылғанымен, аумақтық тиесілігі ретінде «Қазақстан Республикасы» деп көрсетіледі. Демек, бізде жарғыда қайшылық бар», – деп түсіндірді Лима Диас.

Шешім ретінде Лима Диас келесі бастамаларды айтты:

- eGov порталында жарғыларды салыстырудың онлайн-модулін енгізу;
- өңірлерде әділет департаменттерімен бірлесіп әдістемелік және түсіндіру науқанын өткізу.



ҮЕҰ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және заң қызметтерін ұйымдастыру комитетінің төрағасы Венера Калимова атап өткендей, Қазақстанда тіркелген қоғамдық бірлестіктер санының тұрақты өсуі байқалады. 2022 жылы – 483, 2023 жылы – 576, ал 2024 жылы – 700-ден астам бірлестік тіркелді. Денсаулық сақтау мен адам құқықтарын қорғаудан бастап радио әуесқойларына, астрономдар мен кинологтарға дейін әр түрлі салалар қамтылған. Бұл азаматтық қоғамның қарқынды дамуын көрсетеді.

Оның айтуынша, елде коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу үшін барлық құқықтық жағдайлар жасалған, сондай-ақ рәсімдерді жеңілдетуде айтарлықтай прогресс байқалады:

- тіркеу мерзімі қысқартылды – 15-тен 5 жұмыс күніне дейін;
- электрондық өтінім беруді енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде;
- электрондық жарғыларға көшу мүмкіндігі қарастырылуда.

Әділет министрлігі сонымен қатар құжаттарды маманға тапсырғанға дейін жарғыларда жиі кездесетін қателіктерді анықтайтын цифрлық көмекшіні іске қоспақ.

«Қазір біз жиі кездесетін қателіктер мен жарғыларға қойылатын негізгі талаптардың тізімін қалыптастырып жатырмыз. Бұл параметрлер жасанды интеллект өңдей алатындай біріздендірілген болуы тиіс. Кейінгі құқықтық сараптаманы мамандар жүргізеді», – деп түсіндірді Калимова.

Ол сондай-ақ мемлекеттік органдардың заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ҮЕҰ-мен ашық диалогқа дайындығын атап өтті.

ОТЫРЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША НАҚТЫ ҰСЫНЫСТАР

Отырысқа қатысушылар ҮЕҰ жұмысының тиімділігі, ашықтығы және ыңғайлылығын арттыруға бағытталған бірқатар бастамаларды ұсынды:

- ҮЕҰ үшін қызмет түрлерінің жіктеуішін енгізу;
- ҚР Әділет министрлігінің жүйесімен бірыңғай деректер қорын интеграциялау;
- нақты қызметке сәйкес келмейтін аумақтық байланыстырудан бас тарту;
- әдістемелік бағдар ретінде үлгілік жарғыны әзірлеу;
- ҮЕҰ тіркеу және тарату рәсімдерін оңайлату;
- әкімшілік кедергілерді азайту;
- мемлекеттік органдар тарапынан, әсіресе өңірлерде әдістемелік және құқықтық қолдауды кеңейту.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ РӨЛІ: САРАПШЫЛАР НЕ ДЕИДІ



Астанада «Ұстаным» ұлттық пікірталас клубының кезекті отырысы өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу аясында ұйымдастырылды. Кездесудің тақырыбы: «Мемлекеттік рәміздер: біріктіруші күш және қазіргі заманғы мәндер».

Отырысқа ҚР Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, жетекші ғалымдар, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының көшбасшылары, сондай-ақ халықаралық сарапшылар қатысты.

Қатысушылар мемлекеттік Тудың, Елтаңбаның және Әнұранның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы, қоғамдық бірлікті нығай-

тудағы және азаматтық сананы дамытудағы рөлін талқылады.

Қазақстанда Мемлекеттік рәміздер күні 4 маусымда атап өтіледі. Дәл осы күні 1992 жылы Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны бекітілді.

Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева отырысқа қатысушыларды қарсы алып, Мемлекеттік рәміздер күні мемлекет тарихындағы маңызды кезең екенін атап өтті. Ол мемлекеттік рәміздер – жай атрибуттар емес екенін атап өтті. Бүгінгі күні өте маңызды мәселе – қазіргі әлемде мемлекеттік рәміздерді қалай дұрыс қолдану керек.

ҚР мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова да сөз сөйледі. Ол биыл Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев реформаларды іске асыруда және қоғамды дамытуда аза-

сүйіспеншілік пен қамқорлық көрінеді.

«Біздің міндетіміз – мемлекеттік рәміздердің шын мәнінде қастерлі құндылықтарға айналуын қамтамасыз ету. Әрбір азаматқа жақын әрі түсінікті құндылықтарға», – деп түйіндеді Айзада Құрманова.



маттық сектордың үлкен рөлін атап өткенін еске салды. Президенттің сөздерін келтіре отырып, Айзада Құрманова мемлекет пен ҰЕҰ әріптестігі өзекті проблемаларды шешуге және құндылықтарды насихаттауға ықпал ететінін атап өтті. Отырысқа қатысушылар мемлекеттік рәміздердің құндылықтарына, мағынасына байланысты мәселелерді көтерді, сондай-ақ атрибуттарды құрметтеу тақырыбын талқылады.

«Мемлекеттік рәміздер – біздің азаматтық болмысымыз бен ұлттық бірлігіміздің негізі. Біз адамдардың тірі қолдауы мен қатысуынсыз кез келген символ өзінің күшін жоғалтып, ресмилікке айналатынын түсінеміз. Символ – тек атрибут емес, тек ресмилік емес, тәуелсіздігіміздің, бірлігіміздің көрінісі. Қазіргі әлем жағдайында жастар идеологиялық хабарламаларды директива-лар немесе нұсқаулар арқылы емес, диалог арқылы қабылдайды. Сондықтан біз үшін әрбір іс-әрекетте, әрбір айтылған сөзде қатысу, өзара байланыс пен мағына ерекше маңызды», – деді Айзада Құрманова.

Вице-министрдің айтуынша, азаматтық сектор қазақстандық патриотизмді қалыптастыра отырып, нақты істерге баса назар аударады. Бұған қарапайым экологиялық бастамадан ауқымды жалпыұлттық платформаға айналған «Таза Қазақстан» науқаны мысал бола алады. Дәл осындай практикалық қадамдар арқылы өз еліне деген

Парламент Мәжілісінің депутаты Амантай Жарқынбек тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік рәміздер қазақстандықтар мақтан тұтатын құндылықтарға айналғанын мәлімдеді.

«Біздің Ту Гималай мен Памирді жаулап алды. Сондай-ақ, осы таулардың шыңдарында біздің Әнұранымыз шырқалды. Бұл фактілер біздің мемлекеттік рәміздеріміздің жарқын жетістіктерінің бірі деп айтуға болады. Сондай-ақ, Қазақстан Әскери-әуе күштерінің (ӘӘК) туы Жерді 156 рет айналып өтіп, ғарышкер Айдын Айымбетовпен бірге



«Мемлекеттік рәміздер – біздің азаматтық болмысымыз бен ұлттық бірлігіміздің негізі. Біз адамдардың тірі қолдауы мен қатысуынсыз кез келген символ өзінің күшін жоғалтып, ресмилікке айналатынын түсінеміз»



орбитада болғанын атап өткен жөн», – деп толықтырды мәжілісмен.

Өз кезегінде, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қазіргі заманғы зерттеулер институтының директоры, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Қоғамдық кеңесінің мүшесі Мұхит-Ардагер Сыдықназаров рәміздермен байланысты ғылымды тереңірек зерттеуді ұсынды, сондай-ақ осы саладағы өзекті проблемаларды көтерді.

«2016 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ЕҰУ-да республикалық сараптамалық кеңес құрылды. Сол кезде мен мемлекеттік рәміздер туралы сұрақ қойдым. Келесі жағдай қалыптасты: бізде рәміздер бар, бірақ рәміздер мен геральдиканы зерттейтін ғалымдар жоқ. Сондықтан геральдиканы жүйелі түрде зерттейтін институт құру қажеттілігі туындады. Мен Президент Әкімшілігіне геральдика мен вексиллологияны дамытудың маңыздылығы туралы тиісті ұсыныс жібердім. Геральдика – рәміздерді, олардың шығу тегі мен мағынасын зерттейтін күрделі әрі көп қырлы ғылым. Вексиллология, өз кезегінде, туларды зерттеумен айналысады. Екі бағыт та ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік рәміздерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде, бүгінде Ұлттық музей жанында Геральдика институты сәтті жұмыс істейді. Қазірдің өзінде бұл бағыттың үдемелі дамуы туралы дәлелдейтін еңбектер бар», – деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ, Мұхит-Ардагер Сыдықназаров негізгі министрліктер жанындағы геральдика жүйесі дамыған елдерде ресми геральдистер лауазымдары міндетті түрде жұмыс істеуі керек деп мәлімдеді. Мысалы,

Қорғаныс министрлігінде ұлттық геральдика офицері болуы керек, бірақ бүгінгі күнге дейін бізде мұндай лауазым қарастырылмаған. Сондай-ақ, ресми геральдистер Ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінде де қажет. СИМ-де кем дегенде геральдика мәселелеріне жауап беретін жеке штат бірлігі болуы керек.

«Өкінішке қарай, біз осы құрылымды енгізуге әлі қол жеткізе алмадық. Нәтижесінде бұл неге әкелді? Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия, Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы сараптамалық кеңес соңғы рет 2,5-3 жыл бұрын жиналды. Содан бері сұрақтар жүйелік тәсілсіз қалды.



Мемлекеттік органдар өздерінің ведомстволық наградаларын бекітуге берген сайын бірыңғай геральдикалық саясаттың болмауына байланысты бізге осы немесе басқа түстердің, рәміздердің, элементтердің нені білдіретінін түсіндіруге тура келеді. Сонымен қатар, геральдика мен колористикада әр түспен пішін маңызды. Алайда, осы уақытқа дейін елде бұл салада бірыңғай жүйе мен әдіснама жоқ», – деп есептейді ғалым.

Жастар арасында мемлекеттік рәміздерді дәріптеу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, Amanat партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы



Ақерке Искандерова Мемлекеттік рәміздер күніне орай, сондай-ақ жалпы патриоттық тәрбиені күшейту мақсатында республикалық деңгейде қандай іс-шаралар мен түрлі науқандар ұйымдастырылып жатқанына тоқталды.

«Біз мемлекеттік туымыз күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып, Түркия немесе АҚШ-тағыдай үйлердің терезелерін безендірсе деп армандаймыз. Үш жыл ішінде жеке өзім халыққа 20 мыңнан астам ту тараттым және оларды көзге көрінетін жерлерге ілуге шақырдым. Жыл сайын Республика күні мен Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында біз дәстүрлі түрде туды іліп қоямыз. Өңірлерде де осы күндерге арнап белсенді жұмыс жүргізілуде. Астанада еріктілер үлкен бастама көтеруде. Мысалы, «Хан Шатыр» СОО-да бұл жолы 80 ту орналастырдық. Арнайы мақтаныш – жеті сағат ішінде үш мың кубик рубиктен елтаңбаның бейнесін құрастырған біздің талантты балаларымыз. Бұл жай ғана науқан емес, еліміздің рәміздеріне құрмет көрсету», – деп атап өтті Ақерке Искандерова.

Талқылау қорытындысы бойынша тәрбие, ақпараттық және мәдени саясатта мемлекеттік рәміздердің рөлін нығайтуға бағытталған ұсыныстар әзірленді. Бұл бастамалар ұлттық сананы дамыту және азаматтық белсенділікті арттыру жөніндегі одан арғы қадамдардың негізіне айналмақ.

«Ұстаным» клубының отырысы «Адал азамат – белсенді қоғам» азаматтық қоғамды дамыту орталығымен стратегиялық әріптестік аясында өтті.

Мұрат Әбенov:

«ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ КӘСІБИЛЕНІП, БІР ЖҮИЕГЕ КЕЛТІРІЛДІ»



ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенov көп жылдар бойы еліміздегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне белсенді араласып, осы саладағы түйіткілдерді жетік меңгерген. Ол «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» заң жобасын жетілдіруге бағытталған жұмыс тобының құрамына кіріп, бұл секторды дамытуға сүбелі үлесін қоспақ. Депутат Adal azamat журналына сұхбат беріп, үкіметтік емес сектордың қалыптасуына қатысты ой-пікірімен бөлісті.

– Мұрат Абдуламитулы, қызмет барысында Сіз қоғам үшін өзекті мәселелерді жиі көтересіз. Елімізде азаматтық сектордың даму жайы да назардан тыс қалып отырған жоқ. Сіздің ойыңызша, үкіметтік емес ұйымдар қаншалықты белсенді жұмыс істеп жатыр? Олардың қоғам мәселелерін шешуге бағытталған қызметінде оң өзгерістер байқадыңыз ба?

– Елімізде үкіметтік емес сектордың орны бөлек. Ол – өте қажет институт. Әр мемлекетте осындай ұйымдар болуы керек. Түрлі мемлекет өз қажеттіліктеріне қарай бұл институтты әрқалай пайдаланады. Мәселен, демократиялық елдерде үкіметтік емес ұйымдар – тәуелсіз, олардың әр мәселеге қатысты өз пікірі бар. Үкіметтік емес ұйымдар – жақсы демократиялық құрал. Ол өте күрделі мәселелерді шешуге қажет. Егер күрделі шешімдерді мемлекет тек өзі ғана қабылдаса, ертең ол дау-дамай туғызуы мүмкін. Ал, үкіметтік емес ұйымдар оң алдымен, сараптамалық орталықтар болғандықтан, өз саласындағы проблемаларды шешудің нақты жолдарын біледі. Бұл ұйымдар – билік пен халық арасындағы көпір. Соңғы кездері еліміздегі үкіметтік емес сек-

торда жақсы өзгерістер бар. Бұрындары үкіметтік емес ұйымдар аяғына дейін қалыптасып үлгермеген кезең болған. Министрліктердің жанында жасанды топтар құрылған кездер де болды. Ал, қазір қоғамдық ұйымдар кәсібиленді. Яғни, олар қоғамдық жұмысты өзінің кәсібі ретінде қарастырады және сол бағытта өзін дамытады. Жаңа лидерлер майда-шүйде тірлікпен айналысып, өз дәрежесін түсіргісі келмейді. Қысқа мерзімді мақсаттар үшін өз позициясынан жалтаратын кез емес қазір. Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар жүйеленді. Осы орайда, Азаматтық Альянстың жұмысы маған ұнайды. Ол қоғамда өз орнын алып жатыр. Альянс қоғамдық ұйымдарды біріктіре алды. Бану Ғаниқызы келгелі, жүйелі өзгерістер болып жатыр. Қоғам қайраткерлері түрлі мәселеге қатысты өз пікірлерін айтып жатады. Азаматтық альянс олармен жақсы байланыс орната білді. Сол себепті елімізде қоғамдық ұйымдардың белсенді тобы бар деп айтуға толық негіз бар.

– Мемлекет пен еліміздің үкіметтік емес ұйымдары әріптестігінің қазіргі жай-күйіне қандай баға берер едіңіз?

– Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасында әріптестік енді пайда болды. Бұрын билік тарапынан үкіметтік емес ұйымдарға деген көзқарас мүлдем басқаша болды. Оларды тек өз қажеттіліктеріне қарай пайдаланды. Қазір жағдай басқаша. Қазір нағыз әріптестік бар. Үкіметтік емес ұйымдар өз пікірін айтып, оны дәлелдеп шыға алады. Бұрын қоғам қайраткерлері эмоцияға көп беріліп, шу шығаруға жақын болды. Ал, бүгінде олар кәсібиленіп, өз құзыретіндегі мәселелермен толыққанды айналысады. Қоғамдық ұйымдар бұл жұмысты мамандық ретінде қарастырады. Үкіметтік емес ұйымдардың мықты мамандары, заңгерлері мен сарапшылары бар. Олар өз ойын тиісті деңгейде жеткізе алады. Байқағаным, қазір мемлекет пен қоғамдық ұйымдар арасында әріптестіктен бөлек, сыйластық бар. Дәл осындай кезде мәселені шешу оңай. Компромиске келуге ұзақ уақыт кетеді. Бірақ тек осы жол арқылы ғана дұрыс шешім табылады. Соның арқасында оны іске асыру да жеңіл болады. Алайда енді жауапкершілік те қос тарапқа жүктеледі. Үкіметтік емес ұйымдар да қабылданған шешімнің авторы болады.





« Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасында әріптестік енді пайда болды. Бұрын билік тарапынан үкіметтік емес ұйымдарға деген көзқарас мүлдем басқаша болды. Оларды тек өз қажеттіліктеріне қарай пайдаланды. Қазір жағдай басқаша»

– Қазақстанда кәсіподақтар, саяси партиялар мен діни бірлестіктер туралы заңдармен іспеттес үкіметтік емес ұйымдар туралы заң әзірлеу мәселесі жиі талқыға түсіп жатқаны белгілі. Осы орайда Қазақстанда салаға қатысты бөлек заң шығарудың маңызы неде деп ойлайсыз?

– Үкіметтік емес ұйымдар туралы заң қабылдау аясында түсініксіз жайлар бар. Оларды бизнес ретінде көретін адамдар да бар. Ал, шын мәнінде үкіметтік емес ұйымдардың мақсаты – ақша табу емес. Олар өздері таңдаған мақсаттарға жету керек. Одан пайда табады ма, таппай ма, ол маңызды емес. Шынайы үкіметтік емес ұйым әрдайым өз мақсаттарын таңдайды. Бұл ұйымдар мемлекетті мердігер емес, әріптес ретінде қарастыру керек. Менің ойымша, болашақта «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» заң осы мәселелерді реттеуі керек. Құжат үкіметтік емес ұйымдарға белсенділік танытуға, іздемпаз болуға, өз позициясын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

– Білуімізше, Сіз үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының құрамына кірдіңіз. Сіздер заң жобасын әзірлеуге кірістіңіздер ме? Сарапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысатын ауқымды талқылаулар қашан өткізіледі?

– Менің ойымша, қазір заңға өзгеріс енгізуге қатысты ұсыныстар мен пікірлер жинайтын уақыт келді. Әрине, барлық сарапшы өзара келісімге келмеуі мүмкін. Бұл заң жобасы барлығының ортақ ойынан шығатын жоба болады деп айта алмаймын да. Қанша қоғамдық ұйым бар, олардың пікірлері әртүрлі. Мен өзім осы жұмыс тобы аясында бірнеше бағыт бойынша ұсыныс-пікірлерімді берер едім. Кейбіреулер қазір үкіметтік емес ұйымдарды көбірек қадағалау керек деген ойда болуы мүмкін. Мысалы, мен оған келіспеймін, бірақ соңында бір ортақ шешімге келуіміз қажет. Бұл жоба Парламент қарауына келгенше, әлі де біраз өзгеріс болады. Мен, белсенді азамат ретінде, өз пікірімді жеткізуге барынша тырысамын. Парламент – ол ақылдасу алаңы. Бәріміз бір-біріміздің позициямызды қабылдап, шешім шығарамыз.

– Қолданыстағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңда үкіметтік емес ұйымдардың жан-жақты дамуына қатысты қай мәселелер ескерілмеген? Азаматтық қоғам саласындағы қандай сұрақтар әлі де зерделенуі тиіс?

– Жалпы, коммерциялық емес ұйымдардың атауының өзінде бір кемсіту бар сияқты. Ол – ұйым, бірақ бизнес емес деген. Менің ойымша, түпнегізінде оларды бизнес сияқты көріп, тендер өткізгендей қылып бағалау ғой. Сондықтан бұл бағытта концептуалды өзгеріс енгізу керек деп ойлаймын.

– Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар қаншалықты тиімді беріліп жатыр? Грант бөлудегі ашықтық қамтамасыз етілген бе?

– Қазір грант бөлу жүйесі өзгеріп отыр. Әр ұйымның өз мүмкіншіліктерін ашық дәлелдеуіне мүмкіндік бар. Бұрын ол қиындау болатын. Қазір қатып қалған жүйе жоқ. Әр ұйым өз бағыты бойынша жұмыс жасап, грантқа ие бола алады.

– Бұған дейін Азаматтық альянс өкілдері үкіметтік емес ұйымдарға 30% көлемінде аванс беру қажеттілігі туралы мәлімдеген. Сіздің ойыңызша мұндай шешім үкіметтік емес ұйымдардың қаржылық жағдайын жақсартуға сеп бола ала ма?

– Әрине, үкіметтік емес ұйымдардың қаржысы көп емес. Үлкен жүйелі жобаларды іске асырғанда аванс алу өте қажет дүние деп есептеймін. Сондықтан үкіметтік емес ұйымдардың бұл ұсынысын қолдауымыз қажет. Көп жағдайда үкіметтік емес ұйымдардың басында жүргендер, көбіне, тек сол жұмыспен ғана айналысады. Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымды тек қосымша қызмет ретінде қарас-


тыратындар да бар. Сол себепті оларды ажыратып қарау қажет деген ойым бар.

– Үкіметтік емес ұйымдардың сыбайлас жемқорлықпен күресудегі рөлі жайлы не айтар едіңіз?

– Қоғамдық ұйымдардың сыбайлас жемқорлықпен күрестегі рөлі өте маңызды. Шынымен осындай жағдайлар болса, оған қарапайым адамдар өз пікірін айтқаны дұрыс, бірақ қоғамдық ұйымдардың азаматтарға қарағанда жауапкершілігі бөлек, әлдеқайда жоғары ғой. Ол проблеманы ұйым атынан көтерсең, міндетті түрде дәлелге сүйеніп айтуың керек. Жеке тұлғалар эмоцияға беріліп, біреуді артығымен кінәлауы мүмкін. Ал, үкіметтік емес ұйымдар қоғам атынан сөйлегендіктен, әр сөзін дәлелдеп, әр сөзіне жауап береді. Егер тексерілмеген ақпарат берілсе, ертең қоғамдық ұйымның атына зиян келтіріледі. Ол халық арасында өз беделінен айырылуы мүмкін. Ал, шын ақпар берілсе, керісінше, үкіметтік емес ұйымның салмағы артады.

»

« Қоғамдық ұйымдардың сыбайлас жемқорлықпен күрестегі рөлі өте маңызды. Шынымен осындай жағдайлар болса, оған қарапайым адамдар өз пікірін айтқаны дұрыс, бірақ қоғамдық ұйымдардың азаматтарға қарағанда жауапкершілігі бөлек, әлдеқайда жоғары ғой»



Жанна Асанова:

«ӨНЕГЕ АЛУҒА ТҰРАРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»



Өзінің ұзақ мансабы жылдарында ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Жанна Асанова қоғамдық қызметін ешқашан тоқтатпаған және қоғамға қызмет етуді өзінің басты міндеті деп санаған. Бүгін біз сенатормен қоғамның дамуындағы және өзекті проблемаларды шешудегі азаматтық сектордың рөлі туралы әңгімелесеміз.

– Жанна Бейсентайқызы, Сіз «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына кірдіңіз. Жұмыс қалай жүріп жатыр және Сіз заңда нақты нені көргіңіз келеді?

Тағы бір маңызды бастама – Астана, Алматы және Петропавл қалаларында энергетикалық тұрғыдан тиімді тұрғын үй бойынша шешімдерді ілгерілететін «ENABLE – азаматтық қоғам тұрақты және энергетикалық тұрғыдан тиімді қала үшін» жобасы. Германияның «Шығыс Еуропадағы тұрғын үй шаруашылығы» бастамасы (IWO) АҚҰ үйлестіретін және қазақстандық АҚҰ серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылатын жоба көппәтерлі үйлерді қайта құрастыру бойынша шешімдерді талдау және әзірлеу бойынша жергілікті азаматтық қоғамның әлеуетін нығайтуға ықпал етеді. Бұл жоба Қазақстандағы АҚҰ-ның алты бастамасының кең портфолиосының бір бөлігі болып табылады, олардың әрқайсысы 2023 жылға арналған ЕО азаматтық қоғамды қолдау конкурсы аясында 400 000 еуро алды. Бұл жобалар мемлекеттік органдармен диалог және орталықтандырылмаған өзін-өзі басқаруды нығайту арқылы экологиялық басқаруды жақсарту мен мемлекеттік бағдарламаларды бақылаудан бастап, жергілікті дамуды қолдауға дейінгі мәселелерді қамтиды.

Өңірлік деңгейде ЕО қазіргі уақытта 2024 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңге жалпы бюджеті 4,5 млн. еуроны құрайтын ЕО-тың Орталық Азия үшін азаматтық қоғам қорын қаржыландырады. Бұл бастама Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстанда АҚҰ-ның сындарлы өзара әрекеттестігіне жәрдемдесуге бағытталған. Негізгі іс-шаралар жыл сайынғы ЕО-Орталық Азия азаматтық қоғам форумдарын, техникалық оқытуды, жастар ұйымдарын қолдауды және көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен диалогтарды қамтиды. Біріккен Ұлттар Ұйымының жобаларға қызмет көрсету басқармасы Данияның адам құқықтары институтымен бірлесе отырып жүзеге асыратын бағдарлама ЕО пен Орталық Азия арасындағы байланыстарды тереңдету жөніндегі бірлескен жол картасында (2023) және ЕО-Орталық Азия саммитінің декларациясында (2025) баяндалған ЕО-тың стратегиялық көзқарасына



сәйкес келеді – өңірде есеп беретін, тұрақты және инклюзивті басқару жүйелерін қалыптастырудағы азаматтық қоғамның орталық рөлін растайды.

6. Азаматтық қоғам ұйымдары мемлекеттік органдарға қарағанда тиімдірек шешімдер ұсына алатын салалар бар екенімен келісесіз бе? ҰЕҰ-ны қаржыландыра отырып, мемлекет, ақыр аяғында, өз азаматтарының, демек, жалпы елдің қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сіздің ойыңызша, ҰЕҰ мен мемлекеттің Қазақстандағы қазіргі таңдағы ынтымақтастығы қаншалықты тиімді? Еуропалық тәжірибеге негізделген қандай ұсыныстармен бізбен бөлісе аласыз?

Иә, азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ) мемлекеттік мекемелерге қарағанда, атап айтқанда, халықты тарту, осал топтардың мүдделерін қорғау және оқшауланған бастамаларды іске асыру мәселелерінде тиімдірек шешімдер ұсына алатын салалар бар. АҚҰ көбінесе арнайы білімге, икемділікке және өздері қызмет ететін халықпен тығыз байланысқа ие, бұл оларға нақты тапсырмаларды тиімдірек шешуге мүмкіндік береді.

« Тағы бір маңызды бастама – Астана, Алматы және Петропавл қалаларында энергетикалық тұрғыдан тиімді тұрғын үй бойынша шешімдерді ілгерілететін «ENABLE – азаматтық қоғам тұрақты және энергетикалық тұрғыдан тиімді қала үшін» жобасы.»

Қазақстанда ҰЕҰ мен үкімет арасындағы ынтымақтастық айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді, бірақ әлі де қиындықтар бар. Кейбір салаларда мемлекеттің тәуелсіз ҰЕҰ-ны бақылау деңгейінің артуы сияқты жаңа элементтер пайда болды. Үкімет халықтың осал топтарын қолдауға және әлеуметтік дамуға бағытталған бастамаларға қомақты қаражат бөлу арқылы азаматтық қоғам ұйымдарының (АҚҰ) маңыздылығын мойындайды. Бұдан басқа,



жыл сайын халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына көмек көрсетуге және инклюзивті ұлттық бірегейлікті ілгерілетуге бағытталған көптеген бірлескен әлеуметтік жобалар іске асырылуда. Әр түрлі деңгейдегі қоғамдық кеңестер де маңызды рөл атқарады.

Осы ынтымақтастықты жақсарту мақсатында Қазақстан қаржыландыру және іріктеу үдерістерінің ашықтығын арттыру, үкіметтің де, YEҰ-ның да әлеуетін нығайту, сондай-ақ азаматтық қоғамның тәуелсіздігіне жәрдемдесу сияқты үздік еуропалық тәжірибелерді қабылдай алады. Үкімет пен АҚҰ арасындағы тұрақты диалогтық платформалар да инклюзивті шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Бұл қадамдар Қазақстанға қоғамдық мәселелерді тиімді шешуге және демократиялық мемлекеттік басқаруды нығайтуға көмектеседі.

7. Жария дипломатия өзара түсіністікке қол жеткізудің және толерантты әлем құрудың қуатты құралы болып табылады, бұл әсіресе қазіргі геосаяси шиеленістер мен кеңейіп келе жатқан жаһандық қақтығыстар жағдайында аса ма-

ңызды. Сіздің ойыңызша, Қазақстанмен салыстырғанда ЕО-та жария дипломатияның жүзеге асырылуында бірегей ерекшеліктер бар ма? Біздің елімізге қатысты халықаралық ізгі ниетті нығайтудағы Қазақстандық азаматтық қоғамның әлеуетін Сіз қалай бағалайсыз?

Еуропалық Одақта жария дипломатия сыртқы саясаттың кең архитектурасында жазылған және ЕО-тың нормативтік күш ретіндегі сәйкестігін көрсетеді. Ол, әдетте, Еуропалық сыртқы істер қызметін, Гете институты немесе Француз институты сияқты ұлттық мәдени институттарды және ЕО қаржыландыратын әртүрлі академиялық және азаматтық қоғам бағдарламаларын қоса алғанда, институттардың кең, көп деңгейлі желісі арқылы жүзеге асырылады. Демократияға, адам құқықтарына, климаттың өзгеруіне қарсы күреске және көпжақты ынтымақтастыққа баса назар аудара отырып, әдетте, ұзақ мерзімді келешек пен құндылықтарға баса назар аударылады. ЕО-тың жария дипломатиясы көбінесе саясат туралы ақпарат беруге ғана емес, серіктес өңірлердегі жергілік-



« Қазақстан 2025-жылдың қаңтарында Алматыда өткен ЕО-Орталық Азия азаматтық қоғамының бесінші форумы сияқты іс-шараларды ұйымдастыра отырып, осы бастамаларға белсенді қатысады»

ті қатысушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталғанын атап өткен жөн, бұл оған көлденең, инклюзивті сипат береді.

Қазақстанның жария дипломатияға деген көзқарасы әлі де даму сатысында бола тұра, неғұрлым орталықтандырылған және стратегиялық негіздемелерге бағдарланған болуға ұмтылады. Мемлекет саяси модернизация, этносаралық келісім, экономикалық әртараптандыру және Шығыс пен Батыс арасындағы геосаяси байланыс ретіндегі рөл сияқты негізгі нарративтерді алға тартады. Соңғы жылдары Қазақстан мәдени дипломатияны нығайту, жаһандық академиялық әріптестікті кеңейту және халықаралық БАҚ-та қатысу деңгейін арттыру бойынша қадамдар жасады. Алайда, бұл қызметтің

көп бөлігін әлі де мемлекеттік органдар жүзеге асырады, ал дипломатияға арналған «төменнен жоғарыға», «халықтан халыққа» кеңістігі әлі де қалыптасуда. Бұл Қазақстанның амбициясы мен оның шетелде танылуы арасында белгілі бір асимметрияны тудырады.

Дегенмен, Қазақстанның азаматтық қоғамы халықаралық ізгі ниетті нығайту үшін елеулі және әлі толық пайдаланылмаған әлеуетке ие. Жергілікті жерлердегі жас

көшбасшылар, суретшілер, ғалымдар, кәсіпкерлер және YEҰ Қазақстан тарихының, әсіресе еуропалық серіктестермен диалогта, аса маңызды тасымалдаушылары бола алады. Елдің бірегей мәдени ерекшелігі, экологиялық санасы мен көпұлтты тәжірибесі қазіргі заманның көптеген жаһандық проблемаларымен үндеседі. Үлкен институционалдық қолдау мен халықаралық платформаларға қол жеткізе отырып, Қазақстанның азаматтық қоғамы стратегиялық қана емес, сонымен қатар дәл осы қиын кезеңдерде қоғамдық дипломатияға аса қажет шынайы, адам мен болашаққа бағдарланған нарративті қалыптастыруда әлдеқайда үлкен рөл атқара алар еді.

Салтанат Есмағанбетова:

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН МАМАНДЫҚ: АСТАНАДА АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕДІ



Қазақстанда, бүкіл әлем сияқты, аутизммен ауыратын балалар санының өсуі байқалуда. Дүние жүзінде 100 баланың орташа 1-і аутизм спектрінің бұзылуымен (АСБ) өмір сүреді деп есептеледі. Алайда, бірқатар бақыланатын зерттеулерге сәйкес, нақты сан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстанда мұндай диагноз туралы тіпті білмедік. Бүгінде «ОРДА» Астана қаласының аутизмі бар балалардың ата-аналарының бірлестігі» қоғамдық бірлестігінде 600-ден астам бала оқиды. Қазақстанның Азаматтық альянсының Adal azamat журналына берген сұхбатында Орталық басшысы Салтанат Есмағанбетова ерекше баланың ата-аналары бетпе-бет келетін қиындықтар туралы, мамандардың жетіспеушілігі, мемлекеттік балабақшалар мен мектептердегі жағдай туралы айтып берді.

– Аутизммен ауыратын балалардың ата-аналары қандай негізгі проблемаларға тап болады?

– Ата-аналар үшін басты проблема – қайда жүгіну керек, қандай мамандарға жүгіну керек, аутизмнің не екенін түсіну, аутизмге қарсы «таблетка» бар ма, дәрі-дәрмекпен емдеуді бастау керек пе, әлде түзету сабақтарын бастау керек пе.

Түзету орталықтары бар, дәрі-дәрмекпен емдеу бар, сонымен қатар бүкіл әлемде аутизмі бар балаларға балама көмек көрсетудің көптеген түрлері бар. Бұл – биомед, хелирлеу, токпен емдеу және дыбыстық терапия. Осы тұңғышқа сұңғу кезінде ненің шынымен жұмыс істейтінін және не пайда әкелмейтінін түсіну қиын. Сондықтан, мысалы, емханаға келген ата-аналарға нақты құралдар беріліп, балаға көмек көрсетудің кезеңдік бағыты ұсынылғанын қалаймын.

Аутизммен ауыратын бала есейген сайын, әр ата-ана әр кезеңде белгілі бір қиындықтарға тап болады. Ең алдымен, бұл – түзету сабақтарымен қатар мектепке дейінгі мекемелер, балабақшалар мәселесі. Әрі қарай – мектеп, колледж, университет, жұмысқа орналасу.

Бұл ретте диагнозды анықтағаннан кейін аутизмнің түрін және тиісінше мемлекет, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар көрсете алатын көмекті нақты анықтау маңызды. Қандай жолмен жүру керектігін нақты түсіну өте маңызды. Өйткені біздің ең басты қарсыласымыз – уақыт. Өкінішке қарай, ата-аналар баланы медициналық оңалтуға, басқа балама әдістерге ұмтылып, көп уақытты жоғалтып, мүмкіндікті жіберіп алған көптеген жағдайлар бар. Әрбір ата-ана «қабылдауға» келу үшін «ашулану», «саудаласу», «теріске шығару» кезеңдерінен өтеді. Ата-ана проблеманың тереңдігін неғұрлым тез түсінсе, балаға көмектесетін тетіктер мен ресурстардың өзара іс-қимылы соғұрлым тез басталады.

– Астана аутизммен ауыратын балалардың өміріне қаншалықты қолайлы?

– Астана – аутизмі бар балалар үшін үлкен мүмкіндіктер қаласы. Менің балам 19 жаста. Ол дүниеге келген кезде, 2006 жылы Қазақстанда құзыретті көмек көрсету туралы айтпағанда, аутизм туралы азын-аулақ адамдар ғана білетін. Қазір көптеген орталықтарда – мемлекеттік және жеке – түзету педагогикасының алдыңғы қатарлы батыстық әдістері енгізілді. Басқа да көмекші әдістер бар, олардың кейбіреулерінің тиімділігі дәлелденбеген, бірақ олар балалардың жалпы жағдайының жақсаруына ықпал етеді.



Мен өзім АСД бар балаларға арналған түзету педагогикасы саласындағы сарапшымын және Астана – әрбір ата-ана балаға жаңа деңгейге шығуға көмектесетін әдістемені таба алатын қала деп айта аламын. Яғни, сөйлемейтін балаға сөйлеуге көмектесу; үйде оқитын балаға – мектепке баруға жәрдемдесу және тағысын тағы. Менің ойымша, Астана біздің батыс серіктестерімізден кем түспейді. Біздің «Орда Аутизм» жобасы аясында Еуропада, Түркияда, Ресейде және басқа елдерде серіктестеріміз бар. Біздің орталықта аутизммен ауыратын балалардың жағдайын жақсарту үшін заманауи әдістер мен түзету шешімдері қолданылады.

– Аутизммен ауыратын балаларды мемлекеттік балабақшалар мен мектептер қабылдауға дайын ба?

– Менің ойымша, қазіргі уақытта Астанада және жалпы Қазақстанда жақсы жағдайлар жасалған. Әрбір дерлік балабақшада түзету топтары бар. Қазақстанның көптеген мектептері инклюзивті болды. Көптеген балалар инклюзивті білім беру жүйесіне қосылған. Мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері ұйымдастырылған, онда осындай балаларға арналған бағдарлама бейімделді. Көптеген білім беру мекемелерінде баланың сенсорлық жүктемесін түсіретін арнайы аймақтар бар. Әр баланы тьютер сүйемелдейді, бұл өте маңызды. Тьютер балаға қарым-қатынас орнатуға, сыныппен, осы мектептің қоғамымен және тіпті инфрақұрылыммен әлеуметтік қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Және, әрине, түзету мектептері жұмысын жалғастыруда. Онда жалпы білім беру жүйесіне қатыса алмайтын балалар оқиды. Соңғы 5-7 жылда балалардың біліммен қамтылуы айтарлықтай өсті. Сондықтан бізде лайықты жағдайлар жасалған деп санаймын. Біз, ерекше балалардың ата-аналары, мұны көреміз және сезінеміз.

– Мамандармен жағдай қалай? Кадр тапшылығы мәселесі қаншалықты өткір?

– Біздің жұмыс ерекшелігімізде кадрлар бәрін шешеді. Бұл сөзсіз. Даяр мамандарды табу өте қиын. Сондай-ақ, дефектология, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагог сияқты мамандықтар бойынша оқуға ниет білдірушілер аз. Шынымды айтсам, бізде жұмыс істегісі келетіндердің кезегі жоқ. Қазір бізде жұмыс істеп жүрген адамдар үшін біз барымызды салып, ұстап қалуға тырысамыз. Жыл сайын біз біліктілікті арттыру курстарын, тренингтер және басқа да оқыту ұйымдастырамыз. Біздің мамандар түзету педагогикасы саласында тек Қазақстанда



ғана емес, шетелде де білім алады. Біз осындай балаларды оңалту мен әлеуметтендірудің ең үздік әдістерін қолданамыз.

Біз кадрларға деген қажеттіліктің бір бөлігін ерекше балалардың аналары арқылы жабамыз. Әрбір ана баласына кәсіби әдістерді меңгеруге көмектесуге мүдделі.

Біздің мамандардың арасында 5-7 жылдан астам жұмыс істегендер бар, бізге енді ғана қосылғандар бар. Олармен ауқымды, оның ішінде біздің салаға адамды енгізу бойынша да жұмыстар атқарылуы тиіс. Біздің мамандық – бұл қабілеттілік. Адамдарға көмектесу университеттерде де, мектептерде де оқытылмайды. Көмектесуге деген ұмтылыс әрқашан адамның жан дүниесінен шығады, бұл адамдардың жеке қажеттілігі шығар. Бұл – әр адамның жүрек тереңдігінен шыққан мамандық.

Әр маманның өз ісіне жанын салып, әр баланың тарихы мен ауырсынуын жүрегімен қабылдайтынын екі ауыз сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Олардың шаршап, күйзеліске ұшырауы таңғаларлық емес. Команданы біріктіру және күйзелістен шығуға көмектесу үшін біз тренингтер, семинарлар



және тимбилдингтер ұйымдастырамыз. Бірақ, әрине, кейбіреулер көп жылдар жұмыс істегеннен кейін де кетеді. Және бұл өте ауыр. Жаныңда ұзақ уақыт бірге жұмыс істеген адаммен қоштасу қиын. Мамандықтан кеткендердің көпшілігі енді оралмайды, саласын өзгертеді. Кейде жалғастыру мүмкін емес болып кетеді.

– Балаларды тәуелсіз өмірге дайындау және қоғамда бейімделу бағдарламалары бар ма?

– Астанада төрт филиал жұмыс істейді. Қазір біз бесінші филиал ашуды жоспарлап отырмыз. Ол толығымен 18 жастан ересек жастарға арналады. Онда бізде оқытудың мүлдем басқа әдісі болады. Біз оны аутизммен ауыратын жастар белгілі бір көмек ала алатын демалыс клубы ретінде қарастырамыз. 2024 жылы біз әлеуметтік дәмхана, пиццерия аштық, онда қазір біздің жасөспірімдер, 18 жастан асқан жастар жұмыс істейді.

– Қазіргі уақытта Сіздің орталығыңызда қанша бала көмек алады? Сізге түсу оңай ма?

– Қазіргі уақытта біздің ұйым қала бойынша 600-ден астам балаға қызмет көрсетеді. Бізге түсу қиын емес. Құжаттардың белгілі бір тізімін жинау қажет, олар ХҚКО-на тапсырылады. Барлық құжаттар бұдан әрі жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына беріледі. Сол жерден біз жолдама алып, баламен және оның отбасымен жұмыс істей бастаймыз. Біздің орталықтағы әрбір бала логопедтердің, дефектологтардың, психологтардың, сенсорлық терапевттердің, ойын терапевттерінің, арт-терапевттердің кәсіби көмегін алады. Сондай-ақ бізде бейімдеу дене шынықтыру сабақтары бар. Әр бала орталықтан тыс жерде де қызмет алады. Олардың қатарында гидротерапия (топтық жүзу секциясы), ипподромға және қаланың басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларына бару бар. Мұның бәрі біздің қызметтер тізіміне кіреді.



– Ата-аналар қандай көмек ала алады? Астана-лықтар тренингтерге немесе консультацияларға үміттен ала ма?

– Біздің ұйымды 2016 жылы аутизмі бар балалардың ата-аналары құрған. Сол кезде бәріміз жұмыс істемейтін аналар едік. Бастапқы кезде ұйымдас-тырған кеңістігімізді түзету орталығы деп атау қиын болды, бірақ ол өз балаларымызға көмектесуге шешім қабылдаған жайлы орын болды. Қазір бұл соңғы техникалық құралдармен жабдықталған орталықтар, онда тек балалар ғана емес, басқалар да көмек алады. Біз аналармен және жалпы отбасымен жұмыс істейміз. Біздің әлеуметтік қызметкерлер отбасыларға барады және жағдайды көріп, өз бетінше әрекет ете алады. Мысалы, бала ауырып қалса, анасы баласымен бірге ауруханаға барған кезде, әлеуметтік қызметкер азық-түлік алып келуі немесе дәрі-дәрмек жеткізуі мүмкін. Егер отбасында біздің құзыретімізге қатысты проблемалар болса, біз психолог қызметін ұсынамыз. Мысалы, өткен жылы 365 отбасы осы қызметті пайдаланды.

Біз ата-аналарға психологиялық, оқыту тренингтерін өткіземіз, Психикалық денсаулық орталығымен, осы саладағы жетекші психиатрлармен және мамандармен кездесулер ұйымдастырамыз.

Сонымен қатар, аналар үшін күнделікті қамқорлықтан уақытша шығу және, мысалы, қолөнер шеберлігі немесе сабын жасау бойынша шеберлік сыныбына қатысу өте маңызды. Балаңмен 24 сағат бойы, аутизм көлеңкесінде күннен-күнге, жылдан-жылға бірге болып, біз, аналар, өзімізге уақыт табу өте қиын. Сондықтан біз өз балаларымыз бен аналарымызға арналған кең көлемді, мазмұнды және қызықты бағдарлама дайындадық. Бұл – кинотеатрларға, циркке, кинотеатрларға, балетке, аквапаркке бару және т.б. Яғни, бүкіл отбасы үшін қызметтердің тұтас кешені.

– Әңгімеңіз үшін рақмет!

Владислав Голярко:

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТАБЫСҚА, АЛ ИДЕЯНЫ – ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫРУ



Азаматтық қоғам – бұл, ең алдымен, айналасындағы әлемді жақсы жаққа өзгертуге дайын, бейжай қарамайтын, жігерлі адамдар. Егер бүгінде ірі қалаларда мұндай адамдар көп болса, онда шалғай ауылдарда кез келген адам мұндай қоғамдық пайдалы қызметпен айналыса алмайды. Түркістан облысының әлеуметтік кәсіпкері және экобелсендісі Владислав Голярконың тарихы сол себепті де көрнекі.

Мұндай кейіпкермен кездесу, тіпті виртуалды болса да, журналист үшін әрқашан үлкен сәттілік. Адам өз ісіне шын беріліп, көзі жанып тұрса, әрі ол істі жақсы атқарып жүрсе – бұл сезім алыстан-ақ байқалады.

Өкінішке қарай, Владиславпен қашықтан танысуға тура келді. Оның сөзін тыңдап, YouTube желісінде бейнелерін көрген соң, мен оған бірден құрметпен қарадым. Әлем осындай адамдардың арқасында аман тұр. Әзірге оның қызметі тек өз ауылдастарының өмірін жақсартып жатса да, бұл тәжірибені бүкіл Қазақстанға таратуға болады, ал жаһандық тұрғыдан қарасақ, бұл саналы әрі бейжай емес қазақстандық ұрпақтың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Бәрі де жас жігіттің туған жері – Шымкентке жақын орналасқан Ақсукеңт ауылындағы үйінің терезесінен күн сайын көріп жүрген алып қоқыс полигонын жоюға бел буған сәтінен басталды. Жағымсыз иістер мен жиі тұтанатын өрттер жергілікті билікті аса алаңдатпайтын сияқты еді. Қоқыс контейнерлері мұнда ешқашан болған емес. Тұрғындар қоқысты төгетін қоршалған бетон алаң күннен-күнге үлкейе берді.

Әлемді өзгерткің келсе – өзіңнен баста деп бекер айтапаған. Сол кезде Владиславтың ойына бұл проблеманы шешудің жолы келді – қоқыс жинауды жолға қойып, оны халыққа тиімді етуді ұйғарды. Идея қоқысты бөлек жинау және қайта өңдеу процестерін біріктіру болды. Бұл стандартты емес тәсіл қалдықтарды сұрыптап қана қоймай, оларды сол жерде сатуға мүмкіндік берді.

– 2015 жылдан бастап мен қоқысты қайталама шикізат маркетплейстерінде айналдыруға болатынын түсіндім. Бұл шикізат болғандықтан, ол кейбір компаниялар үшін қызығушылық тудырады. Неліктен біз оны өз учаскелерімізден тікелей сатпаймыз деп ойладым, – деп еске алды әлеуметтік кәсіпкерліктегі алғашқы қадамдарын Владислав Голярко. – Мен идеяны 2019 жылы ғана іске асыра бастадым. Менің үйімде алты жылдан астам уақыт бойы полигон жоқ. Шынымды айтсам, оны билік сол жерде саябақ салып алып тастады. Бірақ қоқыс



жинауға арналған контейнерлерді біз қазірдің өзінде орнатып, оларға бекітілген үйлерге табыс әкелетін жүйені ұйымдастырдық.

Владислав атқарушы директор болып табылатын «Истоки добра» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшылары алғашқы грантты «Эко Эволюция» жобасына алды және қалдықтарды сұрыптауға арналған алғашқы контейнерлерді сатып алуға жұмсады. Бірт-бірте жабдық – пресс-аппарат, ұсақтағыш, сұрыптау цехы сатып алынды. Пікірлес адамдармен Голярко ауыл тұрғындарына қоқысты сұрыптауды үйретіп, өз мысалында тазалық пен тәртіпте өмір сүрудің қаншалықты жақсы және жағымды екеніне сендірді деп айтуға болады.

– 2018 жылдың қараша айында тұрғындармен келіссөздерден кейін біз төрт қоқыс алаңын – екі көппәтерлі үйге бір-бір жабдықтан қойдық. Әрбір осындай учаскеде төрт контейнер орнатылды – шыны, металл, пластмасса және макулатура үшін және кәдеге жаратуға жарамсыз қалған қалдықтар үшін бөлек. Қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық стендтерде нені, қайда және қалай тастау керектігі анық көрсетілді. Сондай-ақ, біз тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Сөйтіп, бәрі біртіндеп іске аса бастады, – дейді экобелсенді.

Әкесіз және бауырларсыз өскен Владислав бала кезінен қиындықтардан қорыққан емес және әрқашан тек алға ұмтылады. Өз жұмысының



« 2015 жылдан бастап мен қоқысты қайталама шикізат маркетплейстерінде айналдыруға болатынын түсіндім. Бұл шикізат болғандықтан, ол кейбір компаниялар үшін қызығушылық тудырады »

алғашқы нәтижелеріне жігерленіп, ол одан әрі даму жолдарын іздеді. Оның өмірінде телевизиялық жоба – 2021 жылдың күзінде басталған «Хабар» телеарнасында Қазақстандағы алғашқы «EcoMeken» экологиялық реалити-шоуы пайда болды.

Реалити-шоуға қатысушылар елдегі экология проблемаларын зерттеп, бизнес құруды үйренді. Финалға үшеуі өтті, бірақ 34 жастағы Владислав Голярко бірінші орынды және 10 миллион теңге көлемінде грантты жеңіп алды! Ол 2022 жылы іске қосылған қайталама шикізатты жинау және өндірістік дайындау бойынша «Eco Cashback» сервистік компаниясын құру идеясын ұсынды.

Қайталама шикізатты тапсыру процесін жеңілдетіп цифрландырудың артықшылықтарын түсіне отырып, «Eco Cashback» компаниясы App Store және Play Market-те жүктеуге болатын аттас қосымшаны әзірледі. Мысалы, Сіз пластикті, кеңсе жабдығын немесе батареяларды кәдеге жаратқыңыз келеді. Нысанды толтырыңыз, фотосуретті тіркеңіз және Сіздің өтінішіңіз қосымшада пайда болады. Әрі қарай, сұрыптау компаниялары шартты ақы үшін қоқысты әкетеңіз. Қажетсіз шығындарсыз және күш-жігерсіз!

Сол қағидат бойынша экобелсенді әлеуметтік дүкен ашты, онда қоқысты арзан бағамен азық-түлікке айырбастауға болады. 2023 жылдың наурыз айында Владиславтың компаниясы азық-түлік қалдықтарын қабылдауды бастап, оларды қоспалар мен дәрумендермен араластыра отырып, үй жануарларына арналған өз азығын шығара бастады.

– Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату проблемасы өткір тұр. Қайта өңдеуге жарамды қайта өңделетін шикізаттың шамамен 80%-ы қоқыс алаңдары мен полигондарға шығарылады, онда миллиондаған тонна қатты тұрмыстық



«Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық науқаны аясында бізді түрлі іс-шараларға шақырады, онда біз әзірлемелермен бөлісеміз. Біз басқа экологиялық YEҰ-мен ынтымақтасамыз. Оқыту және озық тәжірибе алмасу аясында мен АҚШ пен Еуропа елдеріне бардым»



қалдықтар жинақталған, – дейді Владислав. – Біз қалдықтармен байланысты экологиялық проблемалардың кешенді шешімін табуға тырыстық. «Eco Cashback» жобасы кәсіпорындармен шарттар жасасуға, халықтан қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыруға, қайталама шикізатты сатып алуға және сатуға бағытталған. Біздің кәсіпкерлер мен тұрғындар өз қалдықтары үшін алатын ақша жалпы үй шотына аударылады және одан әрі абаттандыруға, үйлерді жөндеуге, көгалдандыруға жұмсалады. Экокэшбэк дәл осылай жұмыс істейді – Сіздің экологиялық әрекетіңіз табыс әкеледі.

Ең бастысы, табиғатқа ұқыпты қарау жергілікті балаларда да дами бастады. Олар қоқысты контейнерлерге қалай дұрыс салу керектігін біледі, бұл не үшін қажет екенін түсінеді, аулаларды таза ұстауға тырысады. Үйлердің айналасы айтарлықтай тазарып, адамдар сенбіліктерді жиі өткізе бастады. Әлі осындай тәжірибе енгізілмеген көпқабатты үйлердің тұрғындары да өз аумақтарына қоқыс жинау алаңдарын орнатуды өтініп жүгінеді – жақсы үлгі жұқпалы болады екен.

Бүгінде Владислав қоқысты сұрыптау бойынша табысты бизнеске ие. Ол пластиктің барлық түрлерін, металды, әйнекті Шымкентте және басқа да көршілес қалаларда қайталама шикізаттан тауарлар өндірумен айналысатын зауыттарға сатады. Бірақ бұл таза бизнес емес, басты мақсат – пайда табу емес.

– Мен бұл жүйені құрмай, ауылдың дамуына үлес қоспай, адамдарды саналы болуға ынталандырмай, көгалдандырумен айналыспай, жай ғана кәсіпкер



бола алар едім. Бірақ мен басқа жолмен кеттім. Себебі, осы басқару жүйесі есебінен ауылдық аумақтарды дамытуға, кентке қосымша инвестициялар тартуға және жергілікті бюджетті толықтыруға болатынын түсінемін. Әлеуметтік кәсіпкер тікелей пайда табуға емес, қоршаған ортаны жақсартуға көбірек көңіл бөледі, – деп бөліседі менің сұхбаттасушым.

Әлеуметтік орта мен қоршаған ортаға пайда әкелудің әр түрлі жолдары бар екені сөзсіз. Бірақ мұны Владислав сияқты жүйелі және нүктелік түрде жасау әлдеқайда тиімді. Мысалы, «Eco Cashback» компаниясында одан басқа тағы 19 адам жұмыс істейді, олардың 70 пайызы – тасымалдаушылар, сұрыптаушылар, жүргізушілер – мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасты.

Сонымен қатар, Владислав бұл жүйені өздерінде қалай енгізуге болатынын, қандай ерекшеліктері мен қиындықтары барын бәріне үйретуге ұмтылады. Оның басты міндеті – бүкіл республика бойынша табысты экологиялық кейсті ілгерілету.

– Біз осы – қалдықтарды басқару жүйесін өзгерту бастамасымен әр түрлі инстанцияларға бірнеше рет жүгіндік. Қазір біздің қалаларда қоқыс жай жиналады, сұрыпталады және полигондарға шығарылады. Бірақ бұл тиімсіз. Қайта өңдеуге жарамды материалдардың көпшілігі соншалықты ластанады, кейін оны қайта өңдеу мүмкін болмай қалады, – дейді кәсіпкер, оның басты уайымы кәсіпорнының қоғамдық пайдасы сияқты көрінеді. – Мен бизнесімді жай ғана дамытуға тырыспаймын, керісінше, экологиялық жүйені кеңінен таратып, оның тұрғындар үшін нәліктен тиімді, ынталандырушы әрі түсінікті екенін көрсеткім келеді. Іс жүзінде мен оның жұмыс істейтінін көрдім және адамдарда оң жауап бар. Қазір олар өз қалдықтарын тікелей үйінен сатады. Бірақ болашақта бұл төлемдерді жоюға болады және қоқысты сұрыптау әдеті қалады. Менің ойымша, бұл үшін 10-15 жыл қажет.

Владислав Голярко табиғатынан көркем мінезді, байланысқа оңай келетін адам. Егер ол өзінің сүйікті ісі туралы айтатын болса, онда ол кез келген адамды баурап алады. Онымен және оның бизнесімен кездескен әр адам кейін бұл туралы кеңінен айтып, оның танымалдығын арттырады.

Ол қазір олардың мүмкіндіктері жеке және мемлекеттік ұйымдарды, жеке сектор тұрғындарын қамту үшін физикалық тұрғыдан жетіспейтінін мойындайды. Ал қызығушылық артып келеді. Компанияның қоймасы 300 шаршы метрден сәл асады, реали-шоуда жеңіске жету үшін алынған ақшаға тек екі жүк көлігі сатып алынды.

– Яғни, біздің жағдайда сұраныс ұсыныстан асып түседі, – деп күледі Владислав. – Мен мемлекет тарапынан соңғы уақытта қолдау бар екеніне өте қуаныштымын. «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық науқаны аясында бізді түрлі іс-шараларға



«Сонымен қатар, Владислав бұл жүйені өздерінде қалай енгізуге болатынын, қандай ерекшеліктері мен қиындықтары барын бәріне үйретуге ұмтылады. Оның басты міндеті – бүкіл республика бойынша табысты экологиялық кейсті ілгерілету»

шақырады, онда біз әзірлемелермен бөлісеміз. Біз басқа экологиялық YEҰ-мен ынтымақтасамыз. Оқыту және озық тәжірибе алмасу аясында мен АҚШ пен Еуропа елдеріне бардым.

Алайда Оңтүстік Қазақстанның шалғай ауылынан шыққан тиімді экологиялық жобаны шын мәнінде кеңейтіп, ауқымды ету үшін заңнаманы жетілдіру қажет. Владислав Голярко қалалық, аудандық және облыстық әкімдіктер деңгейінде келесі шешім қабылдауды ұсынады. Қалдықтарды басқару саласында екі компания жұмыс істеуі керек: біреуі халықтан қайта өңдеуге болатын барлық заттарды жинайды, сұрыптайды және мамандандырылған зауыттарға жібереді, ал екіншісі қайта өңдеуге келмейтін қоқыстарды шығарады және оны кәдеге жаратумен, көмумен айналысады.

Егер осындай заң қабылданса, оны іс жүзінде екі-үш жылдан кейін барлық жерде қолдана бастайды деп сенеді экобелсенді. Бұл қазақстандық ауылдар мен қалалардың экологиялық жағдайын және олардың тұрғындарының әл-ауқатын жақсартатыны сөзсіз. Өйткені үйіңнің терезесінен қоқыс полигоны көрініп, шуылын естігенде, әрдайым Владислав сияқты өсу мен даму үшін шабыт бермейді, көбінесе керісінше әсер етеді.

Абылайхан Әбдіраш:

«УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰИЫМДАР ҮКІМЕТПЕН ТЕҢ ДӘРЕЖЕ ЖҰМЫС АТҚАРА АЛАТЫНЫНА СЕНЕМІН»



Абылайхан Әбдіраш бала кезінен бері адам денсаулығын сақтау саласына қызығушылық танытты. Бірақ осы жолды таңдауға оның ата-анасы ерекше ықпал еткен. Абылайхан олардың кеңесіне құлақ асып, хирург мамандығын таңдап, ЖОО-на түсті. Оның пайымдауынша, медицина – басқа бағыттарға қарағанда ерекше кәсіп. Бұл сала өте тыңғылықты дайындық пен ұзақ оқуды талап етеді. Дәрігерлердің жауапкершілігі де жоғары. Қазір ол медицинаға барғанына еш өкінбейді, керісінше, өмірдегі өз жолын тапты.

Оқу барысында Абылайхан қоғамдық жұмыспен айналысуға бейім болды. Оған салада үкіметтік емес ұйым құру жайында идея келді. Яғни, ел игілігі үшін медициналық волонтерлықты дамыту мәселесі жас студентті айтарлықтай мазалады. Сол жылдары өткізілген Медициналық университеттер құрылтайларының бірінде Абылайхан Әбдіраш сөз сөйлеп, барша студент алдында осы ойын білдірді. Көп ұзамай, 2019 жылы университет көшбасшыларының басын біріктірген «Медицина жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Оның басты мақсаттары медициналық волонтерлықты дамыту, халықтың медициналық сауаттылығын арттыру, 18 бен 35 жас аралығындағы медицинаға қатысы барлық азаматтың құқықтарын қорғау, жұмысқа орналасуға көмектесу, оқу мен жұмыс барысында туындайтын проблемаларды шешуге көмектесу болды.

Өткен 6 жылда ұйым көптеген жобаны жүзеге асыра алды. Мәселен, 2019 жылы құрамында 200 адам болған медициналық волонтерлар тобы Арыс қаласында болған жарылыстан кейін зардап шеккендерге дереу жәрдем бере бастады. Олар қаржылай қолдаудан бастап, алғашқы медициналық көмек көрсету шараларын абыроймен атқарып

шықты. Бұл кезең жас белсенділер үшін ең алғашқы үлкен тәжірибе болды. Пандемия кезеңі де олар үшін ауыр сынақ болды.

«Баршаның қабырғасын қайыстырған корона-вирус пандемиясы кезінде ақпан айынан бастап 500-ге жуық медициналық волонтер ауыр дертпен күресіп, стационарлардағы «қызыл аймақтарда» дәрігерлермен қатар талмай еңбек етті», - деді белсенді.

Абылайхан Әбдіраш арнайы бағдарлама арқылы грант иеленіп, бүкіл республика бойынша пандемияға қарсы күресетін медицина волонтерларының мектептерін ашты. Тәжірибесі мол мамандар 2000 – ға жуық волонтерды оқытып, семинар-тренингтердің жүйелі кешенін өткізді.

2021 жылы волонтерлар Мәдениет және ақпарат министрлігі берген грант аясында Birgemiz:Saulыq жобасы аясында 30 мыңға жуық адамға көмек тигізді. Хоспистер, онкодиспансерлердегі науқастарға жәрдемдесіп, ауруханаға түскен адамдарға құқықтық қолдау шараларын қолға алды.

2022 жылы «Армандар орындалады» жобасын жүзеге асырылды. Соның арқасында ауыр дертке шалдыққан 100-ден астам баланың тілектерін орындау мүмкін болды. Республика бойынша ірі сауда орталықтарында балалардың тілектері жазылған «армандар ағаштары» орналастырылды. Бұл акцияға қарапайым халықпен бірге еліміздің меценаттары

да қатысып, қомақты қаржылай демеу берді.

Абылайханның айтуынша, қоғамдық бірлестік өз қызметін бастағанда, олар мемлекет тарапынан қолдауға бірден ілігіп кеткен жоқ, 2-3 жыл бойы қоғам белсенділері еш грантсыз жұмыс істеді. Медициналық университеттер орналасқан Шымкент, Қарағанды, Семей, Алматы, Астана, Ақтөбе қалаларының волонтерлары өз күшіне ғана сенуге мәжбүр болды. Бірақ, нәтижесінде, кез келген қиындықты еңсере алатын мықты команда қалыптасты.

Студенттік кездерін еске ала, Абылайхан жастардың қоғамдық жұмысты әлеуметтік және мансаптық жолдың бір бөлігі ретінде қабылдағанын айтады. Белсенділер көп болды, олар барынша қоғамға өз пайдасын тигізуге тырысты. Қазір студенттерді қоғамдық жұмыстарға тарту сәл қиынырақ болғанымен, медициналық волонтерлардың қатары сиреген жоқ. Себебі, әр белсенді бұл жұмыс медицина саласының қыр-қырын толық меңгеруге мүмкіндік беретінін түсінеді. Олар хоспистер мен диспансерлерді аралап, өз мамандығына деген көзқарасын қалыптастырады.


«Бұл – үлкен тәжірибе. Біздің қызмет волонтерлардың лидерлік қасиеттерін арттырады. Сонымен қатар олар өмірдегі басты миссиясы адамдарға көмек көрсету екеніне көз жеткізе алады», - деді Абылайхан Әбдіраш.

Абылайханның пікірінше, медициналық волонтерлар баға жетпес қызметті атқарып жүр. Ол адамға деген сүйіспеншілікті оятуға сеп болады. Сол себепті болар, жылда волонтерлар тізімі толықтырылып жатыр. Ал, әлеуметтік желілердің арқасында оларға ашық түрде ақпарат беру мүмкіндігі пайда болды.

Жас мамандарды салаға тарту үшін «Медицина жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі былтыр алғаш рет Республикалық медицина жастарының балын ұйымдастырды. 500 студент бас қосып, арнайы форумда репродуктивті денсаулық тақырыбында әңгіме өрбітіп қана қоймай, ортада өз өнерлерін көрсетті. Бұл жоба медицина мамандығының беделін арттыруға және волонтерлікті насихаттау бағытындағы үлкен шара болды. Абылайхан онымен шектеліп қоймай, келер жылдары да осы сынды жиындар өткізіп, медицина секторындағы түрлі мәселенің басын ашпақ.

«Жастық кез – білім алумен қатар тәжірибе мен ізденісті барынша қолдануға болатын алтын уақыт. Әр уақыттың қадірін білу керек. Қазір студенттер, көбіне, осы уақытты ақша табуға арнайды. Менің кеңесім – студенттерге бұл кезеңді тәжірибе жинауға, қоғамдық белсенділік танытуға арнау керек. Осы кезде жастардың негізгі іргетасы қаланады. Қорықпай, ойға келген жақсы идеяларды іске асырған жөн. Бұл – нағыз тоқтамай әрекет ететін кез», - деп бөлісті ол.

Абылайханның қоғамдық жұмысты дамыту шеңберінде көптеген жоспары бар. Ол медицина



жастарының басын біріктіретін портал ашуды армандап жүр. Белсендінің айтуынша, жоба жүзеге асса, халық пен медициналық волонтерлар арасында тікелей байланыс орнайды. Бұл цифрлық ресурс жұртшылыққа қоғамдық бірлестіктің қызметін насихаттауға зор үлес қосатыны сөзсіз. Сондай-ақ ол медицина мамандығының студенттеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажет деп есептейді. Яғни, жастар резидентураға түскенде немесе дәрігерлік мансабын құрған кезде олардың атқарып жатқан қоғамдық жұмысын ескеріп, оны жұмыс тәжірибесіне енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн. Қазір Абылайхан осы бастаманы қолға алмақшы. Оның ойынша, ЖОО қабырғасында студенттердің ортақ көрсеткішін шығарғанда волонтерлік қызмет үшін қосымша балл қою да жастарды қоғамдық жұмыстарға ынталандырады.

Абылайхан Әбдіраш 6 жыл ішінде қоғамдық бірлестіктер саласында біраз тәжірибе жинап үлгерді. Оның еліміздегі үкіметтік емес ұйымдардың дамуына қатысты біркелкі ой-пікірі қалыптасты. Белсендінің пайымынша, өткен жылдармен салыстырғанда қазір қоғамдық ұйымдардың жұмысы жеңілдеп, оларға берілетін мүмкіндіктер көлемі ұлғая түсті. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың түр-түрі, Қазақстанның Азаматтық Альянсы ұйымдастырып жатқан іс-шаралар бар. Үкіметтік емес ұйымдарға гранттар бөлініп, қоғамдық ұйымдардың инновациялық шешімдерді іске асыруына жағдай жасалып жатыр. Әлеуметтік желілер арқылы бұл ақпараттың барлығы көпшілік үшін қолжетімді. Үкіметтік емес ұйымдар соны көріп, әрі қарай дамудың жолдарын айқындай алады. Абылайханның айтуынша, осы тенденцияның арқасында 10 жылдан кейін болсын, елімізде үкіметтік емес ұйымдар Үкіметпен қатар білек сыбана тең дәрежеде жұмыс істеуі әбден мүмкін. Ол қоғамдық бірлестіктердің абыройы келешекте арта түсетініне кәміл сенеді.

Қазақстанда қанша әр түрлі ұлт өкілдері тұрады

Ортақ шаңырақ астында

Жалпы халық саны

20 283 399

адам

Ұлты бойынша саны

ҚР халқының үлесі

Қазақтар	14 456 709	71,274%
Орыстар	2 963 938	14,613%
Өзбектер	678 487	3,345%
Украиндер	371 807	1,833%
Ұйғырлар	305 648	1,507%
Немістер	223 272	1,101%
Татарлар	218 926	1,08%
Әзірбайжандар	155 364	0,766%
Кәрістер	120 686	0,595%
Түріктер	91 732	0,452%
Дүнгендер	86 067	0,424%
Белорустар	74 389	0,367%
Тәжіктер	58 712	0,289%
Күрдтер	51 171	0,252%
Қырғыздар	40 200	0,198%
Шешендер	35 084	0,173%
Поляктар	34 173	0,168%
Қарақалпақтар	28 931	0,143%
Башқұрттар	20 159	0,099%
Басқалары — 1,322%		

Ирина Терентьева:

ҮЕҰ-ДАҒЫ МОБИЛЬДІЛІК ПЕН КӨЛДЕНЕҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – МЕНІ ОСЫ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ



«Ақмола облысының Азаматтық альянсы» ЗТБ-ның 200-ге жуық қауымдастырылған мүшесі бар, олардың 90-ы белсенді жұмыс істейді және өзара іс-қимыл жасайды. Өңірлік альянсты оның қызмет ету уақытының жартысына жуық, яғни он жылға жуық уақыт бойы «Психологиялық мәдениетті дамыту және қолдау» ҚҚ жетекшісі Ирина Терентьева басқарып келеді.

– Ирина Михайловна, Сіздің өңірлік альянсыңыз бес ұйымнан басталып, қазір елеулі беделді бірлестікке дейін өсті. Соңғы жылдары құрылтайшылар құрамы айтарлықтай жаңарды. Қоғамдық ұйымның негізінде не жатыр?

– ҮЕҰ-ның көпшілігі жеке оқиғадан туады. Мысалы, бала ауырады немесе нақты бір экологиялық мәселеге алаңдайды.

Бірінші иллюзия – ұйым құру, яғни сол арқылы біз қоғамға бірдеңе жеткізе аламыз, дәлелдейміз, заңнамаға өзгеріс енгіземіз деп ойлау. Бірақ бұл – ұзақ жол. Ұйымның азаматтық

белсендіден айырмашылығы, ең алдымен, Сіз тек сынап қоймай, нақты шешімдер ұсынуыңыз керек.

Осының салдарынан көптеген ұйымдарда тез арада эмоционалдық қажу кезеңі басталады. «Егер біз ұйымға біріксек, барлық мәселелерді шешеміз деп ойладық. Содан кейін конкурстарға қатысу, мақсаттар мен міндеттерді қалай қою керектігін үйрену, проблеманы шешу тетігін ойластыру, команданы таңдау, ұсынымдар әзірлеу қажет».

Неліктен үшінші сектор белсенді болатын көптеген түрлі салалар бар деп ойлайсыз? Себебі бұл – әрқашан азаматтардың бастамаларын қолдау. Азаматтық альянс тек жағдай жасайды – оқыту семинарлары, тренингтер, консультациялар, ақпараттандыру.

Уақытынан бұрын шаршап-қажымау үшін жас ҮЕҰ-ға алдымен басқа жобаға қатысып, жұмыстың бір бөлігін ғана орындауды ұсынамыз. Бұл ретте бізде Степногорск қаласында Оксана Волкова-Михальскаяның «Женский луч», Атбасарда Людмила Петрованың «Ангел» сияқты тұрақты ұйымдары бар, олар мұны өздерінің негізгі жұмыстарына айналдырды және үнемі өз идеяларын жүзеге

асыру үшін ресурстар іздеуде.

Адам уақытының бір бөлігін ғана қоғамдық жұмыстарға жұмсайтын орта деңгейдегі ұйымдар бар. Қолданыстағы бағдарламалар барлық ұйымдар үшін бірдей қажетті бола бермейді.

Бұған қоса табандылық қажет. Біреу жылына 10 жоба жазып, біреуін жеңе алады, ал біреу біріншісінде сәтсіздікке ұшырайды. Кейбір ұйымдар тек бизнеспен жұмыс істейді, яғни олар демеушілер іздейді, жарналар жинайды, жергілікті мәселелерді шешу үшін адамдарды біріктіреді және «Бұл біздің үнімізге құлақ асуы үшін жеткілікті» дейді.

Біз дамыған сайын, ҮЕҰ-ның өзі де өзгеретініне және әрқайсысының өз жолын таңдайтынына көбірек көз жеткіземіз.

– Бір кезде ҮЕҰ-ны көп тіркеу арқылы азаматтық қоғамды тезірек дамытуға болады деген түсінік болған. ҮЕҰ саны маңызды ма?

– Жоқ, әрине. Бүгінде біз бұл көрсеткіш емес екенін түсінеміз. Керісінше, адамдарды біріктіргеннен кейін оларға «жарқын жол» уәде

ету арқылы адастыруға болады. Нәтижесінде олар қаржыландырудың жоқтығына, өз идеялары үшін ресурстық алаң іздеу қажеттілігіне, шексіз келіссөздерге, өз көзқарасын дәлелдеуге тап болады және бұл әркімнің қолынан келе бермейді.

Бізге көп заңды тіркелген ұйымдар емес, сапалы ұйымдар керек деген қорытындыға келдік. Көптеген әріптестер ұқсас проблемалармен айналысатынын ұғыну жеткілікті. Біз тәжірибемізбен бөлісіп, өз еңбегімізді бір ортақ қорға жинап, сол арқылы өз даусымызды күшейте аламыз.

– Бүгін тағы қандай тәсілдерді қайта қарау керек?

– Біздің ықпалымыз бен қамқорлығымыздың негізгі объектісі нысаналы топтар болып табылады. Біз оларға бірге өз мәселелерін шешуді

« Ұйымның азаматтық белсендіден айырмашылығы, ең алдымен, Сіз тек сынап қоймай, нақты шешімдер ұсынуыңыз керек»

үйретіп, үнемі қараусыз қалдырудан гөрі, сол «үйреншікті бейшаралық» күйін тудырмауымыз керек.

Соңғы екі жылда бізде Ақмола облысында бірнеше бағыт ұйымдастырылды. Ең алдымен, бұл халықтың құқықтық мәдениеті.

Халыққа білім беру жобалары қажет. Ол үшін біз адам құқықтары жөніндегі, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдермен ынтымақтасамыз, осы бағыттағы өз қызметін нақтылау үшін тұрғындардың проблемаларын анықтап, Ашық есік күндерін өткіземіз.

Екінші маңызды нәрсе – халықтың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеу. Бұл ретте адамдар өздері қандай қажеттіліктерді қанағаттандырғысы келетінін нақты түсінуі керек.

Үшінші – инклюзивті қоғам. Ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерді қолдаумен айналыса-



« Біз өз жолымызды таңдай отырып, әр жолы мемлекеттен ынталандыру күтеміз. Серіктестікке ұмтыла отырып, біз өз жұмысымыз үшін марапаттауға үлкен мән береміз. Бұл азаматтық сектордың әлі жетілмегендігін көрсететін шығар. Егер біз серіктес болсақ, тек қоғам өміріндегі өз қатысымызды бағалауды күтіп отырмай, бір-бірімізге жақындауымыз керек.»

тын ұйымдардың қызметкерлері жиі бөлек өмір сүріп, жұмыс істеп, бір-бірін тек өздері жақсы түсінеді деп ойлайды. Бұл таптаурын, бақытымызға орай, соңғы уақытта қарқынды өзгеруде. Мұнда қоғаммен әлі де көп жұмыс істеу керек...

Төртінші – жалпы қоғамның дамуы. Мемлекет халықтың негізгі қажеттіліктерін жабу үшін көп жұмыс істейді. Біз проблемаларды шешуді үйрендік. Бірақ енді бізге елді әрі қарай дамыту жолдарын білетін креативті адамдар қажет.

– ҮЕҰ-ның бизнеспен және мемлекетпен өзара іс-қимыл векторы қалай өзгеруде?

– Бұрын бизнесменге барып, нақты отбасыларға көмек сұрау жеткілікті болатын, біз проблема мен оның шешімі арасындағы байланыстырушы буын болдық. Бірақ қазір бәрі өзгеруде. Делдалдар енді қажет емес. Бизнес әлеуметтік бағдарланған бола түсуде және

осы міндеттерді өзі шешеді. Біз тек әлеуметтік жобалауды ғана емес, бизнесті жобалаудың негіздерін түсініп, коммерциялық қызметтер көрсете бастаймыз.

Бұл ретте біз бүгінде бизнес-құрылымдармен қатар бәсекелестік ортада тұрмыз. Біз заңды тұлғаға қойылатын барлық талаптарға сай болуымыз керек. ЖШС, ЖК және ҮЕҰ мемлекеттік тапсырысқа немесе грантқа өтінім берген кезде бізбен бірдей шарттарда жүреді. Бұл да өте маңызды мәселе.

Көптеген жылдар бойы біз нысаналы топтарға айттық: тегін консультация алуға келіңіз. Бірақ қазір бұлай айту дұрыс еместігін түсінеміз: бұл консультацияны біреу, мысалы, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс не грант арқылы немесе оның ішінде консультациялық қызмет көрсететін ұйым жұмыс істейтін бағдарламаның басқа әкімшісі төледі.

Әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар енді мемлекеттен лицензия алуы керек. Олар бұрынғыдай

қорғанысқа мұқтаж балалар мен ересектерді жинап, оларға көмек көрсете алмайды. Ұйымның ұй-жайы, мамандары, технологиялары, тиімді бағдарламалары бар екенін мемлекетке дәлелдеу қажет.

Осындай өзгерістердің арқасында біздің қызметіміз кәсіби және ашық болады. Біз секторды одан әрі дамыту және кәсібилендіру үшін үкіметтік емес ұйымдар қызметінің көптеген түрлеріне аккредиттеу уақыты келгенін түсінеміз.

Біз өз жолымызды таңдай отырып, әр жолы мемлекеттен ынталандыру күтеміз. Серіктестікке ұмтыла отырып, біз өз жұмысымыз үшін марапаттауға үлкен мән береміз. Бұл азаматтық сектордың әлі жетілмегендігін көрсететін шығар. Егер біз серіктес болсақ, тек қоғам өміріндегі өз қатысымызды бағалауды күтіп отырмай, бір-бірімізге жақындауымыз керек.

Көшбасшыларға қойылатын талаптар артып келеді. ҮЕҰ-да адамдар жобалық қызмет дағдыларын мең-

гереді. Азаматтық қоғам мектебінен өткен адам уақыт өте келе мемлекеттік органдарда да, осы дағдылар пайдалы болатын бизнесте де жұмыс істей алады.

– Бірақ біреу ҮЕҰ-да өзін жайлы сезінеді...

– Мұнда адамдар негізінен көлденең қарым-қатынасқа тартылады. Яғни, мен тек келісімге келе аламын, басқа ешқандай ресурстарым жоқ, бағынатын вертикаль жоқ, жазалау немесе марапаттау тетіктері де жоқ. Біз сөйлесеміз және сендіреміз. Көлденең байланыстар тек ҮЕҰ-да болуы мүмкін және онда біреуге өте ыңғайлы.

Еркін жұмыс кестесі қызықтырады, мысалы, жаңа идея пісіп жетілмейінше жұмысты тоқтатып қояға болады. Сонымен қатар, идеяны жү-

зеге асырудың уақыты, оны жүзеге асырудың тетіктерін іздеу әрдайым бар. Егер жұмыстың аяқталу уақыты көрінбесе, тез шаршап, күйіп кетуге болады.

Жеке мені мобильділік қызықтырады – бізге өз идеяларымызды үйлестірудің қиын жолынан өтудің қажеті жоқ, оларды бірден қолдануға немесе бас тартуға болады.

– ҮЕҰ туралы заң жобасы мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесіндегі өзгерістер бойынша жұмыс қалай жүріп жатыр?

– Мені жаңа заңға консультативтік құжатты дайындау жөніндегі жұмыс тобына қосты, онда біз өз көзқарасымызды көрсетіп, заңгерлер кейін тұжырымдайтын ұсыныстарымызды енгізуіміз керек. Қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, партия-

лар, КЕҰ туралы заңдар бар, бірақ осы уақытқа дейін ҮЕҰ туралы жеке заң болған жоқ. Оның әзірленуі – азаматтық қоғамды дамытуда үлкен қадам.

Кез келген заң неғұрлым көп азаматтарды қамтыса, соғұрлым жақсы болады. ҮЕҰ туралы заң тек ҮЕҰ үшін ғана емес, мемлекеттік құрылымдар үшін де, біздің нысаналы топтар үшін де түсінікті болуы керек. Сонда ғана ол тиімді болады.

– Онда қаржыландыру мәселесі маңызды ма?

– Партиялар мемлекеттік көздерден және жарналардан қаржыландырылады, ҚХА өңірлерде ҰБО қызметін және т.б. қамтамасыз етеді. ҮЕҰ-да мұндай қаржыландыру жоқ және болмайды.

Біз – қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі реттеуі үшін негізіміз. Мемлекет жағдай жасайды, бірақ ештеңе уәде етпейді немесе талап етпейді. Сондықтан, заңда бұл мәселе реттелмейді деп ойлаймын, өйткені бұл азаматтық қоғамның даму логикасына қайшы келеді.



« Мемлекет халықтың негізгі қажеттіліктерін жабу үшін көп жұмыс істейді. Біз проблемаларды шешуді үйрендік. Бірақ енді бізге елді әрі қарай дамыту жолдарын білетін креативті адамдар қажет»

Инара Намазбаева:

«БІРЛІККЕ ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ӘИЕЛ» – ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ӘИЕЛДЕР КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ КҮШІ ТУРАЛЫ



Ел өңірлерінде үкіметтік емес сектордың даму қарқыны жоғары. Түрлі елді мекен тұрғындары қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, мемлекетіміздің көркеюіне сүбелі үлесін қосып отыр. Осы орайда, «Түркістан облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ және «Түркістан облысы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ төрағасы Инара Намазбаева Adal azamat журналына сұхбат беріп, өңірде осы сектордың дамуы жайында әңгіме өрбітті. Қоғам қайраткері үкіметтік емес ұйымдардың халық үшін маңызы туралы сөз қозғап, атқарылған жұмыстың нәтижелерімен бөлісті.



– Инара Әбдіғаппарқызы, Сіз Түркістан өңіріндегі белсенді қоғам қайраткерлерінің бірісіз. Бұл жолға қалай келдіңіз? Оған не түрткі болды?

– Мен – Түркістан қаласының тумасымын. Орта мектепті тәмамдаған соң Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне оқуға түсіп, кейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясына ауыстым. Алғашқы еңбек жолымды ҚР Ғылым академиясының Экономика институтында бастадым. Жалпы бизнес басқару саласындағы ерекшеліктерді, кәсіпкерліктің қыр-сырын ғылыми зерделедім.

2009 жылы туған өлкеме оралып, кәсіпкерлікке бет бұрдым. Уақыт өте келе қоғамдық жұмыстарға көңіл аудара бастадым. Мәслихат депутаты болып сайланғаннан кейін, халықтың жағдайын жақсартуға, жұрттың көкейіндегі проблемаларды шешуге атсалысқым келді. Мен депутаттық міндеттерді және үкіметтік емес сектордағы жұмысымды әрдайым бірге алып жүремін. Мәселен, жергілікті Қазақстанның Азаматтық Альянсы мен Іскер әйелдер қауымдастығына төрағалық етіп, салаға өз еңбегімді сіңіруді жөн көрдім.

– Түркістан облысы Іскер Әйелдер қауымдастығы жұмысының бағыты қандай? Қай

мәселелерге баса назар аударып отырсыздар?

– Қазақстанның Іскер Әйелдер қауымдастығы – Республикалық қоғамдық үкіметтік емес, қоғамның іскерлік саласында жұмыс жасайтын әйелдерді біріктіретін ұйым: саясат, мемлекеттік басқару, бизнес, ғылым, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және өзге де салаларды қамтиды. Біздің қауымдастық үлкен 3 бөлімге бөлінеді. Олар: Алтын қор, Негізгі құрам және Жас қанат.

Осы орайда Алтын қорымыздағы ардақты аналарымызбен сұхбат құрып, өнегелі әңгімелерін тыңдап, келелі кеңестеріне құлақ асып келеміз. «Жас қанаттар» көшбасшысы белсенді түрде жұмыс жасайды. Бұл құрамда 18 бен 35 жас аралығында жас аруларымыз, сан саланың мамандары бар. Бірі – кәсіпкер, бірі – дәрігер, бірі – балабақша меңгерушілері. Ал енді бірі – қарапайым еңбек адамдары. Осы жандарды бір ортаға бейімдеп, үй шаруасында, жұмыста, мемлекеттік қызметтерде де өздерін табыскер, еңбекқор ретінде көрсетіп келе жатқан көшбасшы әйелдерді өзгелерге үлгі етіп келеміз. Себебі, олардың жаны нәзік болғанымен қайсар, сұлу, әрбір ісі берекелі. Өйткені олар өздерінің жеке кәсібін дөңгелетіп қана қоймай, шаңырағын шаттыққа бөлеп отыр.



– Осы уақытқа дейін Қауымдастық мүшелері немен айналысып келді? Қандай жетістіктерге қол жеткізілді?

– Түркістан облысы бойынша Іскер Әйелдер қауымдастығы белсенді әйелдермен өмірді жақсы жағына өзгерту бағытында ауқымды жұмыс атқарды. Біз тек іскер әйелдермен ғана емес, көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар, сондай-ақ түрлі салада еңбек ететін ханымдармен белсенді түрде жұмыс жүргіземіз. Олар ұйымдастырылатын іс-шараларға атсалысып тұрады. Семинар-тренингтер мен қайырымдылық шараларына да үздіксіз үлес қосу біздер үшін үрдіске айналғандай.

Осының арқасында біздің қауымдастық арқылы үйде аяулы ана, асыл жар, ал жұмыста тынбай еңбектеніп, қызметте көшбасшы, шебер ұйымдастырушы бола білетін әйелдер легі қалыптасып келеді. Қазақ әйелі қандай мықты басқарушы, табыскер болса да ер азаматынан әрқашан бір саты төмен тұрады. Ол – табиғат, ол – дәстүр, ол – тәрбие. Бізді өзге мемлекеттердің гендерлік институттарынан ерекшелейтін де осы қасиетіміз.

– Түркістан өңірінің іскер әйелдері Қауымдастық қызметіне қаншалықты белсенді араласады?

– Бүгінде нәзік жандылар қоғам дамуына өз үлесін қосып жүр. Нарық заманы – отбасында, мансап жолында қатар алып жүретін іскер әйел болуға талпынғандардың уақыты. Қиындығы мен тәуекелі көп бизнес ортада өз орнын еншілеп қана қоймай, табысқа кенелген арулардың бизнеске белсенділігі жоғары деп айта аламын. Өзісін дөңгелетіп жүрген қыз-келіншектер қалада болсын, ауылда болсын көшбасшы ретінде көрінуде. Оларға қарап өзгелер үлгі алады, сондай болуға талпынады. Ал осындай әйелдердің басы бүгінде Түркістан облысы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығында бірігіп отыр. Оның ішіне былтыр ғана Сауран аудан іскер әйелдер қауымдастығы ашылғандығында ерекше айтуға негіз бар.

Жалпы мен Түркістан облысы іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы әрі Түркістан облысы мәслихатының депутаты ретінде әйел-аналармен көбірек байланыс орнатып, олардың проблемаларын шешу жолында барынша атсалысып келемін.

Соның ішінде қауымдастықтың негізгі мақсаты – ел тарихында өзіндік ізін қалдырған аналар мен бүгінгі табысты, жетістікке ие нәзік жанды арулардың өмір және еңбек жолдарын дәріптеу және әр әйелдің еңбекке құштарлығын арттырып, іскерлікке, төзімділікке бейімдеу. Олардың проблемаларын назарға ала отырып, құндылықтарын арттыруға сеп боламын.

Кәсіпкер болу оңай шаруа емес, жауапкершілігі мол. Оның салмағын кәсіпкер қыз-келіншектер жақсы түсінеді. Сондықтан да олар қайырымдылық жасап, сауапты іс атқаруға тырысады, қоғамға пайдалы дүниелер өндіреді, сапалы қызмет көрсетуді міндет санайды. Қажырлы еңбектің жемісі – алға озып шыққан нәтиже. Халқымыз бір қолымен бесігін, екінші қолымен әлемді тербеткен ананы ерекше сыйлап, құрмет көрсеткен. Қазіргі таңда әйелдер саясатта, бизнесте, экономиканың барлық саласында ер азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктілігімен, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп жатыр. Олар мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне лайықты үлестерін қосуда.



– Қоғам қайраткері ретінде қандай жобаларды іске асыруға атсалыстыңыз?

– 2023 жылдан бастап өңірдегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Ауылдық жерлерде қоғамдық ұйымдарды дамытуды қолдау және қоғамдық ұйымдарды әлеуметтік идеялар мен жобаларды іске асыруға қатысуға тарту» жобасы іске асырылып жатыр. Соның шеңберінде азаматтар шағын гранттар алып, өз алдына қойған мақсаттарына жетуге мүмкіндік алды. Олардың әлеуметтік жобалары облыс ауылдарында жүзеге асырылды.

Ауыл жастарының күшімен тұрақты экологиялық акциялар ұйымдастырылды. Тұрғындардың бастамасы бойынша ауыл көшесінде күн батареяларымен жарықтандыру орнатылды. Түлкібас ауданында туризмді ұйымдастыру бойынша семинарлар өткізілді. «Табиғат бұл туралы айта алмайды» жобасы аясында Шардара су қоймасының жағалаулары тазартылып, қоқыс жинауға арналған контейнерлер орнатылды. «Өгем» жобасы бойынша эко-бастамаларды қолдау орталығы жұмыс істейді. Түркістан облысы Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері Кеңесінің Сауран аудандық бөлімшесінің «Ауылдық саябақ» жобасы аудан ауылдарын жоспарлы көгалдандырудың бастамасы болды. «Дара Ұрпақ» ҚБ 30 әйелдің жеке өсуіне жағдай жасау жобасын жүзеге асырды. Ордабасы аудандық әйелдер кеңесі «Отбасылық құндылықтар» және «Зорлық – зомбылықсыз отбасы-бақытты отбасы» жобаларын жүргізеді.

– «Түркістан облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі қызметінің аясында қандай шаралар қолға алынып, жүзеге асты?

– Ең алдымен, Түркістан облысының Азаматтық Альянсы қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғаларға түрлі мәселе бойынша онлайн және офлайн заңгерлік кеңестер беретінін айтып өткен жөн. «Ауылдық жерлерде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудағы ҮЕҰ рөлі» жобасы аясында ҮЕҰ мен облыстың 17 ауданы мен қалаларының бастамашыл топтарының әлеуеті артты. Осы бастамалар шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсетілді. Мәдениет пен өнерді, азаматтық қоғамды дамытуға айтарлықтай үлес қостық.

«Азаматтық сектордың отбасылық-гендерлік саясаттың қағидаттары мен әдістерін

« Кәсіпкер болу оңай шаруа емес, жауапкершілігі мол. Оның салмағын кәсіпкер қыз-келіншектер жақсы түсінеді. Сондықтан да олар қайырымдылық жасап, сауапты іс атқаруға тырысады, қоғамға пайдалы дүниелер өндіреді, сапалы қызмет көрсетуді міндет санайды. Қажырлы еңбектің жемісі – алға озып шыққан нәтиже»

іске асырудағы ұлттық даму стратегиясының құрамдас бөлігі ретіндегі рөлі» атты Түркістан облысының 11-ші Азаматтық форумын өткіздік. Жиын барысында әйелдер құқықтарына қатысты ахуалға жүйелі талдау жүргізіліп, үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдарға гендерлік саясат мәселелері бойынша ұсынымдар әзірленді. Отбасылық және гендерлік саясатты іске асыру жобасы аясында 13 семинар мен тренинг ұйымдастырылды.

Менің депутат ретінде жолдаған сауалдарым негізінен Қазақстанның Азаматтық Альянсына біріктірілген үкіметтік емес ұйымдардың жұмысымен тікелей байланысты. Олар үкіметтік емес секторды мемлекеттік қолдау шараларына, облыста республикалық ауқымдағы Азаматтық альянстың жаңа жобаларын іске асыруға, азаматтық қоғам саласындағы нормативтік актілер мен заңнаманы өзгерту жөніндегі ұсыныстарға, азаматтық бастамаларға шағын гранттар бөлуге қатысты. Ауыл тұрғындары бұл гранттар есебінен жасыл аймақтарды, спорт алаңдарын, тұтас көшелерді абаттандырып жатыр.

– Қазақстандағы үкіметтік емес сектордың жағдайын қалай сипаттар едіңіз?

– Қазақстан Президенті азаматтық қоғам институттарын, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдарды дамытуға үлкен мән береді. Мемлекеттік қолдау көлемі жыл сайын артып келеді. Үкіметтік емес ұйымдардың ел үшін өмірлік маңызы бар мәселелерді жалпымемлекеттік және әсіресе, өңірлік деңгейде шешуге қатысуы да кеңейуде. Олардың белсенділігі артып жатқанын байқап отырмын.

Исламбек Дастан:

«ТАМШЫ ТАСТЫ ЖАРАДЫ»: ҮЕҰ РӨЛІ, ЖАСТАР ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ



Жамбыл өңірінде әр түрлі бағыттар бойынша жұмыс істеп, көптеген үкіметтік емес ұйым шоғырланған. Оларды «Жамбыл облысының Азаматтық альянсы» ЗТБ – өңір ҮЕҰ өзара іс-қимыл және қолдау платформасы біріктіреді.

Жамбыл облысының Азаматтық альянсының төрағасы Исламбек Дастан Adal Azamat журналына сұхбат беріп, облыстағы азаматтық қоғамның дамуы мен үкіметтік емес ұйымдардың оған қосып отырған үлесі жайында пікірімен бөлісті.

– Үкіметтік емес ұйымдар саласына қалай келдіңіз? Сізді қоғамдық қызметке не шабыттандырады?

– Үкіметтік емес ұйымдар саласына студенттік кезде белсенді болып жүргенде келдім. Сол уақыттан бері қоғамдық мәселелерді шешуге, азаматтарымыздың жайлы өмір сүруіне, халықтың әл-ауқатын көтеруге атсалысуға деген ниет болғандықтан, осы саладағы қызметімді бастап кеттім. Мені қоғамдық қызметтің нәтижелері шабыттандырады. Нәтижені көріп отырғандықтан, елге қызмет жасауға үлкен тың идеяларды жүзеге асыру адам бойына кәдімгідей күш-қуат береді. Соған көзім жетті.

– Осы уақытқа дейін қандай жобаларды жүзеге асырып үлгердіңіз?

– Бүгінде біз 50-ге жуық жобаны жүзеге асырдық. Олардың ішінде 3 республикалық жоба бар. 2019 жылы – 2, 2021 жылы 1 республикалық жоба толық іске асты. Қазір де азаматтар үшін, жастар үшін маңызды бастамаларды қолға алуға тырысып жүрмін.

Мәселен, былтыр Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Ұлттық кітап күнін белгілеу жөнінде тапсырма берген. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелерінің Ұлттық кітап күнін құру туралы бастамасын қолдап, оқуға деген сүйіспеншілік – қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды қасиеттердің бірі екенін атап өтті. Осы орайда, Жамбыл облысында «Көне Тараз» этно-мәдени кешенінде «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында «Ой шебері» зияткерлік ойыны өткізіліп, Тараз қаласының орта білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларынан құрылған 50 топ бақ сынасты. Оны облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің бастамасымен «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» ЗТБ ұйымдас-



« Осы орайда, Жамбыл облысында «Көне Тараз» этно-мәдени кешенінде «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында «Ой шебері» зияткерлік ойыны өткізіліп, Тараз қаласының орта білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларынан құрылған 50 топ бақ сынасты»

тырды. Бұл шараның мақсаты – «Әулиеата кітап оқитын өңір» жобасын жастар арасында танытып қана қоймай, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар бұл жиын жастардың алған білімін көпшілікпен бөлісуге, ой-талқы жасауға, білім алу мен білім беру ісін дамытуға арналған тамаша мүмкіндік деп санаймын.

Өңірде жүзеге асырылып жатқан «Jambyl Civil Hub» жобасын да еркше атап өткен жөн. Ол – Жамбыл облысындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған өңірлік ресурстық орталық. Осы жоба аясында ҮЕҰ арналған кәсіби, құқықтық, консультациялық көмек жүргізіліп, «Жұмыс істемейтін ҮЕҰ-ды жабу мәселесі бойынша», «ҮЕҰ есептерін деректер базасына тапсыру бойынша», «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мен гранттарға қатысу туралы» тақырыптарында 3 бейнесабақ жазылды. «Азаматтық қоғам өкілдерін оқыту» тақырыбында семинар өтті. Семинар «Қаржылық сауаттылыққа оқыту» және «Бюджеттік процеске азаматтық бақылау жүргізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру» тақырыптарындағы 2 бөлімді құрады. Сонымен қатар жоба аясында «ҮЕҰ өкілдерін Халықтық дипломатия орталығы» онлайн кездесуі ұйымдастырылды. Қорытындылай келе, жоба бойынша Жамбыл облысындағы 256 ҮЕҰ қамтылды. Әрбір іс-шара жоба мақсаттарын іске асыруға ықпал етіп, Жамбыл облысында азаматтық қоғамның дамуына жаңа серпін берді. Жоба аясындағы барлық шара тиімді жүзеге асырылып, нақты әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізілді.

– Өз қызметіңізде қиындықтарға жиі тап болдыңыз ба? Негізінен жұмысыңызға не кедергі болды? Проблемаларды қалай шешесіз?

– Жұмыста қиындықтар болмағаны маған қызық емес. Қиындықсыз жасаған жұмыстың дәмі болмайды деп ойлаймын. Әр кезеңде қиындықтар кездеседі, әсіресе, жұмыс бастау алған кезде. Тәжірибе молайғаннан кейін қызметімізді әріптестер де, мемлекеттік органдар да мойындай бастайды. Басында тәжірибе болмады, дұрыс коммуникация орнатылмады. Кейбір мәселелер мемлекеттік органдардың қағазбастылығынан пайда болды. ҮЕҰ-дың қоғамға қажет екенін дәлелдеудің өзіне үлкен күш кетеді. Әлі күнге дейін күш саламын деген ойым, жоспарларым бар. Осы салада жаңа технологияларды пайдалануға әуеспін. Олар қоғамдық жұмыстарға қатысты құжаттарды рәсімдеуді айтарлықтай жеңілдетті.

– Жамбыл облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың қазіргі ахуалын қалай бағалайсыз?

– Азаматтық қоғам дамыған елдерде кең қанат жайған институт ретінде қабылданады. Ел мүддесіне қайшы келетін заңдарды қабылдауға қарсы тұра алатын, елінде бүлік емес, конструктивті диалог алаңын ұйымдастыруға қауқары жете алатын үкіметтік емес ұйымдар қажет. Көптеген ҮЕҰ қоғам үшін қызметтердің кең спектрін жүзеге асыра отырып, табысты жұмыс істейді. Іс жүзінде үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік, экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа салаларда да өз қолданысын табады. Олар мемлекет, түрлі әлеуметтік топ пен жеке азаматтар арасында делдал рөлін атқарады, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды. Үкіметтік емес ұйымдар саласындағы қандай да бір мәселені шешуге атсалысуға, ұлттық мүддені сақтауға, әлжуаз топтағы азаматтардың құқықтарын қорғауға бел буған адамдарды жанашыр деп білемін. Жамбыл облысының үкіметтік емес ұйымдардың қазіргі ахуалына келетін болсам, бүгінде өңірде мыңдаған ұйым тіркелсе де, 200-ге жуығы ғана белсенді қызмет атқаруда. Біздің елдімекендерде бұл бағыт сәл кенжелеп қалған сынды. Себебі, олардың тәжірибелері, олардың өсу деңгейлері төмендеу. Неге десеңіз, қазір мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде жаңадан құрылған емес, тәжірибесі бар, жұмыс істеп қалған ҮЕҰ-дың жұмыстары, конкурстық құжаттары жоғары бағаланып, ауылдық елдімекендердегі ахуалды білетін, онымен жұмыс істей алатын ҮЕҰ-дың жұмысы тежеліп отыр. Бұл ауылдық елдімекендердегі ҮЕҰ-дың тәжірибесі болмағандықтан деп білемін. Осы орайда, азаматтық сектордың дамуына кедергі келтіретін бірқатар проблемалық мәселеге тоқталып кеткім келеді. Біріншіден, ол – ҮЕҰ-ның әлсіз орнықтылығы және кадр тапшылығы, азаматтық қоғам институттарының біркелкі емес өңірлік дамуы, ауылдық ҮЕҰ-ның аздығы мен дамымауы, қызметті ұзақ мерзімді жоспарлаудың мүмкін еместігі. Екіншіден, ҮЕҰ құқықтық және кәсіби сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі, мемлекеттік саясатты жария талқылау мәдениетінің дамымауы, ҮЕҰ қызметінде келіспеушілік пен үйлестірудің болмауы байқалады. Сондықтан диалогты дамыту, өзара іс-қимыл және тәжірибе алмасу керек болып тұр. Үшіншіден, үкіметтік емес сектордың елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына қосқан үлесін есепке алу жүйесі

жоқ. Төртіншісі – мемлекеттік органдардың проблемаларды шешуге азаматтық қоғам институттарын тарту жөніндегі жұмысының жеткіліксіздігі, халықтың сұраныстары мен қаражаттың мақсатты бөлінуі арасындағы үйлестірудің әлсіздігі. Айта кетерлігі, мен өз басым, мұндай өзекті мәселелерді шешуге барынша атсалысуға тырысамын. Мәселен, «Жамбыл облысының Азаматтық альянсы» ЗТБ төрағасы ретінде жаңадан құрылған ұйымдардың проблемасы мен тұрақсыздығы, мүмкіндігі шектеулі адамдар құрған ұйымдардың лицензия алуы, жобалардың азаюы туралы мәселелерді үнемі көтеріп жүрмін.

– Жамбыл өңірінде қандай бағыттағы ұйымдар (экология, жастар, адам құқықтары және т.б.) белсендірек?

Облысымызда ең белсенді ұйымдар – ол жастар ұйымдары. Арасында экология, адам құқықтары, гендерлік саясат, бизнесті дамыту саласында жүрген бірлестіктер бар. Жастардың көзқарасы, олардың жаңа лебі, жаңа қарқыны басым. Өзім де жастар қатарынан шыққанмын. Өзімнен кейін осы салаға келіп жатқан жастарды көріп, дұрыс бағалап, бағамдап отырамын. Белсенді жастардың қатары көбейе беру керек. Олар қоғамның сүзілуіне, оңалуына, біздің тұрғындардың, халықтың ыңғайлы ортада өмірі сүруіне әрекет жасап жатқанына жоғары баға бергім келеді. Өзгеріске ұмтылып жатқан жастардың болғаны өте дұрыс. Өйткені тамшы тасты жарады. Солай тамшылатып, ҮЕҰ саласына қызмет етіп жүргендер белсендігін көрсетіп жатыр.

– Жастарды үкіметтік емес ұйымдарға қалай тартуға болады деп ойлайсыз?

– Қазіргі жастардың өздері-ақ үкіметтік емес ұйымдарға келіп жатқанын байқадым. Олар қоғамның оңалуына, Әділетті Қазақстанның орнығуына әсер етіп жатқанын атап өткен жөн. Жастар жаңа леп беріп, «адал азамат», «академиялық адалдық» қағидаттарын жүзеге асырып жатыр деп ойлаймын. Мысал ретінде айтатын болсам, «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» ЗТБ «Адал азамат-белсенді қоғам» азаматтық қоғамды дамыту Ұлттық орталығының қызметін ұйымдастыру» жобасын қолға алды. Орталықтың мақсаты – ҮЕҰ секторы мен азаматтық бастамаларды қолдай және дамыта отырып, жүргізіліп жатқан реформалар мен қайта құрулар төңірегінде қоғамды жұмыл-

дыру және шоғырландыру үшін институционалдық алаң құру. Орталық азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасында өзара тиімді әріптестік құруға ықпал ете отырып, ҮЕҰ секторының әлеуетін қолдау мен нығайтудың негізгі буыны болады. Ол өз қызметі шеңберінде Әділ Қазақстанды құруға бағытталған және азаматтар мен жастардың қоғамдық процестерге белсенді қатысуына ықпал ете отырып, әлеуметтік бастамаларды іске асыруда орталық рөл атқармақ.

– Жергілікті бизнес тарапынан ҮЕҰ-ға қолдау көрсетіліп жатыр ма?

– Шынын айту керек, әзірге Жамбыл облысында жергілікті бизнестен үкіметтік емес ұйымдарға ауыз толтырып айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатқан жоқ. Мәселен, біз XI Азаматтық форумда жергілікті 2 бизнес өкілі, атап айтқанда, Talas Investment Company және «Қазфосфат» ЖШС-мен келіссөз жүргізіп, тиісті шартқа қол қойған болатынбыз. Келешекте бірлесіп, бірнеше жобаны жүзеге асыру туралы ойлар да қозғалды. Алайда бүгінге дейін бұл келісімдердің нәтижесі болмай тұр.

– Жамбыл облысындағы ҮЕҰ-дардың ұлттық немесе халықаралық деңгейге шығуына мүмкіндік бар ма?

– Жамбыл облысының үкіметтік емес ұйымдарының халықаралық және ұлттық деңгейге шығуына мүмкіндіктер бар. Шығып жүрміз де. Республикалық дәрежедегі үлкен жобаларды жүзеге асыруға қауқарлымыз. Басқа мемлекеттерден азаматтық қоғам өкілдерін шақырып жатырмыз. Оларға да баруға да толықтай мүмкіндіктеріміз бар. Әсіресе, халықаралық волонтерлар арасында біздің жастар өздерін жақсы тұстан көрсете білді. Үздіктер қатарынан табылып жатқандар да жоқ емес. Біздің волонтерлар арасында шетелге барып, білімін шыңдап келген жастар көп.

– ҮЕҰ мен мемлекеттік органдар арасындағы әріптестік қаншалықты тиімді жүзеге асып жатыр?

Қазіргі таңда Жамбыл өңіріндегі үкіметтік емес ұйымдар мен билік органдары арасында тікелей қарым-қатынас орнаған. Тікелей әріптестік бар десек те болады. Оған негізінде жергілікті әкіммен бірге өткізілген кездесулер сеп болды. Соның арақсында салалық басқармалардың қатысуымен жиындар өтіп

жатыр. Үкіметтік емес ұйымдар тікелей салалық басқармаларына өздерінің көкейіндегі сұрақ-сауалдарын жолдап, жауап алуда. Біз азаматтық қоғам ұйымдарының мемлекеттік органдармен ынтымақтастығын нығайту, сараптамалық қоғамдастықпен, халықаралық ұйымдармен әріптестік қатынастарды жолға қою, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамыту саласындағы практикалық тәжірибе мен біліммен одан әрі алмасу үшін үкіметтік емес ұйымдардың әріптестік желісін дамытуға бел буып отырмыз.

– ҮЕҰ-ға қатысты заңнамада немесе саясатта қандай өзгерістер болғанын қалайсыз?

– Негізі осы салаға қатысты заң керек. Біз «азаматтық қоғам институттары» деген сөзге түсініктеме беруіміз керек. Біздің билік азаматтық қоғам институттарын азамат деген ұғыммен жиі ұштастырады. Азаматтық қоғам институтарын азаматтардың құқықтарының жан-жақты институционалды тұрғыда қорғап, қоғамдағы белсенді коммерциялық емес бірлестіктермен бірге қызмет ететін мекемелер деп айтуымыз керек деп ойлаймын. Осыны нақтылап алу керек. Осы орайда, Азаматтық қоғамды дамыту Ұлттық орталығының қызметін ұйымдастыру арқылы үкіметтік емес секторды институционалдық жетілдіру және елдегі демократиялық өзгерістерді ілгерілету үшін қоғамдық институттардың әлеуетін нығайту көзделген. Қазір атқарушы мемлекеттік органдардың шешіміне, артық бюрократиялық рәсімдерге, тапсырыс берушілерге, қызмет көрсетушілерге де нақты регламенттер мен талаптардың болмауына байланысты ҮЕҰ-ды қолдау ресурстық орталықтарының жұмысында жүйелілік қалыптаспаған. Қалыптасқан жағдайды түбегейлі өзгерту үшін «Мықты азаматтық қоғам – мықты мемлекет» қағидатына сәйкес келетін нақты шараларды айқындау арқылы азаматтық қоғам институттарын дамытудағы жүйелі проблемаларды кезең-кезеңімен шешу талап етіледі.

– Алдағы 5 жылда Жамбыл облысындағы азаматтық қоғам қалай дамиды деп ойлайсыз?

Алдағы бес жылда Жамбыл облысында азаматтық қоғам жақсы жағынан дамып, жасанды интеллекті пайдаланып, оны бүгінгі қоғамға қажет бір құрал ретінде қолдана алатын үкіметтік емес ұйымдар қатары көбейеді деп сенемін.

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНЕН ӨШПЕК ЕМЕС

Биылғы жыл біз үшін ерекше жыл. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылғы 03 қаңтарда «Ана тілі» газетіне берген сұқбатында «Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Жеңістің биылғы мерекесі Қазақстанның бірде-бір азаматын бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені біздің елде сұрапыл соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. Соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау – баршаға ортақ парызымыз» деген болатын.

Осы ретте 2019 жылдың 19 мамырында құрылған «Атамнұн Аманаты» қоғамдық бірлестігінің қызметін айта кету керек. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан немесе із-түзсіз жоғалған қазақстандық жауынгерлерді мұрағаттар мен майдан даласынан жүйелі түрде іздестірумен айналысатын жалғыз ұйым.

Миссиясы – жастарға рухани-адамгершілік және әскери-патриоттық тәрбие беру арқылы ұрпақтар сабақтастығы мен тарихи жадының сақталуына ықпал ету.

Қызметінің негізгі бағыттарын былайша жіктеуге болады:

- Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстаннан шақырылған солдаттар мен офицерлердің тағдырын анықтау және олардың

ұрпақтарын іздеу мақсатындағы мұрағаттық зерттеулер.

- Қазақстанда жасақталған құрамалар мен дивизиялар ұрыс жүргізген жерлердегі далалық іздестіру экспедицияларына қатысу.
- Екінші дүниежүзілік соғыста хабар-ошарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлерді іздестіру және олардың есімдерін қастерлеу бойынша халықаралық ынтымақтастық.
- Қазақстандық батырлардың есімдерін ел есінде сақтау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.
- Екінші дүниежүзілік соғыста хабарсыз кеткен және қайтыс болған боздақтарды мәңгі есте қалдыру мақсатында жастар арасында әскери-патриоттық жұмысты жүргізу.

Бірлестік құрылған 2019 жылдан бастап «Атамнұн Аманаты» ресми сайты, әлеуметтік желілер және байланыс телефондары арқылы хабарсыз кеткендерді іздестіруге 10 мыңнан астам өтініш келіп түскен. 4500-ден астам қазақстандық жауынгерлердің жерленген жерлері мен жеке бастарын анықталды.

Ресей, Беларусь және Шығыс Еуропа аумағынан табылған 19 сарбаздың сүйегі Қазақстанға жеткізіліп, әскери құрметпен салтанатты түрде жерленді.

Мұрағаттық іздестіру жұмыстарымен тәжірибелі мамандар айналысады. Олардың еңбегінің өте-



« Ресей, Беларусь және Шығыс Еуропа аумағынан табылған 19 сарбаздың сүйегі Қазақстанға жеткізіліп, әскери құрметпен салтанатты түрде жерленді.»

уі – 80 жылдан астам уақыт өткен соң елге оралған сарбаздардың ұрпақтары мен туыстарының алғыс сөздері. «Атамның аманаты» ҚБ еріктілері тәжірибе алмасу үшін түрлі форумдарға, соның ішінде жыл сайынғы халықаралық «Солдат тағдыры: архивтік зерттеулердің теориясы мен тәжірибесі» халықаралық конференциясына тұрақты қатысады.

«Атамнұн Аманаты» ҚБ халықаралық ынтымақтастық аясында 100-ден астам меморандумдар мен келісімдерге қол қойып, олар сәтті жүзеге асуда. ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Еуропада жерленген қазақстандық сарбаздар туралы мәліметтер базасы жасалды. Онда шамамен 28 000 адамның аты-жөні бар. Қазіргі уақытта олардың Қазақстандағы ұрпақтары мен туыстарының тізімін жасау үшін «кері іздестіру» жұмыстары белсенді жүргізілуде.

«Атамнұн Аманаты» ҚБ жыл сайын «Ортақ тарих. Ортақ жеңіс. Ортақ көзқарас» атты халықаралық конференцияны өткізіп келеді. Бұл конференция ТМД елдерінің үкіметтік емес ұйымдары мен іздестірушілер үшін өзара әрекеттесу, пікір алмасу алаңына айналды.

Форумның мақсаты – Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан елдердің аумақтарында мұрағаттық және далалық іздестіру жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін талқылау. Табылған сарбаздардың сүйектерін отанына жеткізуде іздестіру жасқтарының өзара іс-қимылы бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және боздақтардың есімдерін мәңгі есте қалдыру бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізу.

«Атамнұн Аманаты» ҚБ әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында түрлі іс-шараларды ұйымдасты-





«Atamnyn Amanaty» ҚБ Астанадағы Триатлон паркінде Екінші дүниежүзілік соғыс батырларына арналған жарыс өткізуді дәстүрге айналдырды. Аталған марафонға жылда ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің, ҚР ІІМ Ұлттық Ұланының әскери қызметшілері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, кәсіби мен әуесқой спортшылар қатысады»

Кеңес Одағының Батыры С.Нұрмағамбетов атындағы Әскери колледжде қазақстандық батырлардың құрметіне жыл сайын волейболдан ұлдар мен қыздар арасындағы турнир, сонымен қатар мини футболдан жарыстар өткізіп тұрады.

Әскер жасына дейінгі жастармен жұмыс өз алдына бөлек сала. Астана қаласындағы барлық дерлік колледждермен (олардың барлық саны 33) ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Бұл жұмыс Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына арналған дөңгелек үстелдер, конференциялар, жалпы қалалық викториналар, спорттық жарыстар, квесттер мен ойындар сияқты патриоттық шараларды жүйелі ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.



«Аталар аманатына адалмыз» акция аясында Қазақстанда жасақталған құрамалар мен дивизиялардың тарихын зерделеу үшін әр колледж жеке ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бүкіл оқу жылы бойы колледждерде ҚР Қарулы Күштері ардагерлерінің қатысуымен «Ерлік сабақтары», сонымен қатар «Қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігі» тақырыбына «Батыр баба тарихы» атты интеллектуалдық ойындар тұрақты өтіп келеді.

ҚР ҚК Ақмола гарнизоны мен ҚР Ұлттық Ұланының әскери бөлімдеріне студенттерді алып бару дәстүрге айналды. Сапар барысында олар сарбаздардың тыныс-тіршілігімен, қару-жарақтармен, әскери техникалармен танысады.

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің делегациясы былтыр Ресейде өткен «Даңқты Волхов майданының жолымен» атты әскери-тарихи мемориалдық жорығына қатысып қайтты. Жорық Новгород

рады. Ұйым құрылғалы бері жалпы саны 10 000-нан астам (дөңгелек үстелдер, конференциялар, челленджер, квесттер, сенбіліктер, ағаш отырғызу, спорттық және бұқаралық жарыстар) сияқты іс-шаралар өткізіліп, олар 2 000 000 астам адамды қамтыды.

«Atamnyn Amanaty» ҚБ Астанадағы Триатлон паркінде Екінші дүниежүзілік соғыс батырларына арналған жарыс өткізуді дәстүрге айналдырды. Аталған марафонға жылда ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің, ҚР ІІМ Ұлттық Ұланының әскери қызметшілері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, кәсіби мен әуесқой спортшылар қатысады.



облысы аумағындағы бір кезде қиян-кескі ұрыстар жүрген жерлерді қамтыды.

Аталған шараға «ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері» қоғамдық ұйым төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов және 1941 жылы Ақмола қаласында жасақталған 310-ы Қызыл Тулы Ленин орденді Новгородтық атқыштар дивизия жауынгерлерінің бүгінгі ұрпақтары қатысты. Дивизияның жартысына жуығы, яғни 40 пайызы қазақтардан құралғанын және олардың Новгород қаласын азат етуде өздерін өшпес даңққа бөлегенін айта кету керек.

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің делегациясы «Даңқты Волхов майданының жолымен» әскери-тарихи мемориалдық жорығына ҚР ҚК Мемлекеттік әскери-тарихи музейінде сақтаулы тұрған 310-шы атқыштар дивизиясының Жауынгерлік туын алып барып, асқақтата алып жүрді.

Осының бәрі өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеудің қамы, өткені оларға кешегі от кешкен ата-бабаларының өмірі үлгі-өнеге болуға тиіс.

Мұрат Молдағалиев,
«Atamnyn Amanaty» ҚБ Басқарма төрағасы

Жанна Исингарина:

«ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУЛЕР: ОҢ ӨЗГЕРІС ПЕ, ӘЛДЕ ДАУ ТУДЫРҒАН ЖОБА МА?



2021 жылдың соңында «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң қабылданғаннан кейін, үй жануарларын қорғаушылар қоғамда төрт аяқты достарға адамгершілік көзқарас пайда болады деп үміттенді. Мемлекет басшысы бұл тақырыпта бірнеше рет айтып, жануарларға деген көзқарас кез келген мемлекеттің өркениетінің өлшемі екенін атап өтті. Сондықтан билік бұралқы жануарларға қатысты адамгершілік әдісті таңдады: аулау, зарарсыздандыру, егу, босату. Алайда қуаныш ұзаққа созылмады. Бұралқы жануарларды ұстауды, вакциналауды тоқтатты, бұл инфрақұрылымның, бюджеттік ақшаның жетіспеушілігін білдірді. Оның орнына, үш жылдан кейін депутаттар бірінші кезекте

балалардың қауіпсіздігі үшін қаңғыбас жануарларды эвтаназиялауды ұсынды. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға енгізілген түзетулерде не дұрыс емес және балама заң жобасында үй жануарларын қорғаушылар не ұсынады? Бұл туралы біз ҚР корпоративтік коммуникациялар қауымдастығының президенті, Қазақстан Азаматтық альянсының мүшесі, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңын енгізу жөніндегі Зооқоғамдастық альянсының мүшесі Жанна Исингаринамен әңгімелестік.

2024 жылдың қазан айында Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршиннің резонанстық сұхбатынан кейін жұртшылық екі лагерьге бөлінді: бұралқы жануарлардың эвтаназиясын қолдағандар және оған қарсы шыққандар. Депутаттар «бұралқы жануарларды эвтаназиялау» туралы ұсыныстарын заңда жазылған бұралқы жануарлардың санын бақылау тетіктері жұмыс істемегендігімен түсіндірді. Зооқорғаушы Жанна Исингарина депутаттардың бастамасы бос жерде пайда болған жоқ деп санайды.

«2022 жылдан бастап біз өңірлерде «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңды енгізуде атқарушы органдар тарапынан кедергі келтірілуін байқадық. Жағдайды талдағаннан кейін біз бұл салада үлкен қаражат айналып жатыр деген қорытындыға келдік. Азық-түлікке ит етін сату сияқты қылмыстық схемалар анықтала бастады, ал бюджет қаражаты босқа кетіп жатты. Сонымен қатар, халықты ағарту, жануарларға деген жақсы қатынасты насихаттау бойынша жұмыс жүргізілмеді. Әрине, кешенді шараларсыз көшедегі бұралқы иттерді аулауды оңай әрі тез тоқтатуға болады. Бұл жұмысқа жауапты адамдар заңның аулауға тыйым салатындығымен өздерін ақтады. Бірақ іс жүзінде олай емес. Заң аулауға,



«Ұлттық статистика бюросының және Денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметтері бойынша, Қазақстанда бұралқы жануарлардың шабуылынан балалар өлімінің бірде-бір жағдайы жоқ. Алайда, жалпыға қолжетімді дереккөздерге сәйкес, балалардың иелік ететін жануарлардан қайтыс болу жағдайлары бар»

стерильдеуге, вакциналауға және босатуға немесе иелеріне беруге мүмкіндік береді. Тек кейбір атқарушы органдар заңға қате түсінік берді. Аулау жұмыстары жүргізілген жоқ. Бұл халық тарапынан бұралқы жануарларға қатысты шағымдардың түсуіне әкелді. Шабуыл жасаған фактілер туралы хабарланды. Біз заңның іске асырылмауында атқарушы билікті кінәлаймыз. Заң Президенттің тікелей тапсырмасының салдары болса да», – деді Жанна Исингарина.

Бұралқы жануарлардың шабуылына шағымдар туралы. Сол кезде депутаттар елде бұралқы жануарлардың балаларға және қала тұрғындарына шабуыл жасаған жағдайлар болғанын мәлімдеген еді. Кейінірек бұл ақпаратты зооқорғаушылар жоққа шығарды.

«Ұлттық статистика бюросының және Денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметтері бойынша, Қазақстанда бұралқы жануарлардың шабуылынан балалар өлімінің бірде-бір жағдайы жоқ. Алайда, жалпыға қолжетімді дереккөздерге сәйкес, балалардың иелік ететін жануарлардан қайтыс болу жағдайлары бар. Бұл ретте депутаттар сарапшылардың аса қауіпті тұқымдардың ит иелерін оқыту қажеттілігі туралы ұсынған нормасына қарсы», – делінген зооқорғаушылардың хабарламасында.

Зооқорғаушылар адамдардың қауіпсіздігі басты міндет екенін мойындайды, ал депутаттар бірінші кезекте адамдар туралы ойлануы керек.

«Алайда мәжілісмендер ұсынған проблеманы шешу жолы – нақты бақылаусыз көшедегі иттер мен мысықтарды жоюды заңдастыратын құқықтық тетікті қабылдау, ол негізгі міндет – адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешпейді. Заң мүмкіндігінше ойластырылған, бірқатар жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың ғылыми деректеріне және жинақталған әлемдік тәжірибеге негізделуі керек. Сондай-ақ, адамдар мен жануарлардың үйлесімді өмір сүру мәселелерін ондаған жылдар бойы зерттеп келе жатқан халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын ескеру қажет», – дейді зооқорғаушылар.

Жанна Исингаринаның айтуынша, 2021 жылы қабылданған заң барлық жағынан пысықталып, халықаралық ұсыныстар мен тәжірибе ескерілген. Сарапшылар тіпті Қазақстан қабылдаған заңның Еуразия кеңістігінде ең сауатты әрі заңдық тұрғыдан жан-жақты қарастырылған заң екенін айтқан.

Алайда депутаттар басқаша ойлайды. Барлық әңгімелер мен талқылаулар уақыт-

ша ұстау пунктінде 15 күн болғаннан кейін бұралқы жануарларды өлтіру керек деген қорытындыға келді. Осы уақыт ішінде зоо-қорғаушылар немесе қала тұрғындары өз есебінен вакциналау, піштіру, стерильдеу және чиптеу жұмыстарын жүргізе алады. Егер үй жануарында иесі болса, уақытша ұстау пунктінде болу мерзімі 60 күнге дейін ұзартылды, сонда иесі жануарды алып кетуге үлгереді. Осылайша, депутаттардың пікірінше, түзетулер қабылданғаннан кейін көшелердегі қауіпсіздік артады, бұралқы жануарлардың саны азаяды, инфекциялардың таралу қаупі төмендейді.

Алайда, Жанна Исингарина қолданыстағы заңның барлық нормалары іске асады деп санайды, оларды жан-жақты пысықтау керек.

«Заңгерлер мен сарапшылар нормаларды нақтылап, егжей-тегжейлілендіру қажеттігі туралы пікір айтады. Мен тағы да қайталаймын: егер олар кешенде, яғни бір уақытта қолданылса, қолданыстағы нормалар жеткілікті. Заң не үшін қабылданды? Заң атауындағы негізгі сөз тіркесі – жауапкершілікпен қарау. Ал депутаттар не ұсынады? Сау жануарларды аулауға тапсыру, ең көп дегенде 15 күн ұстау, содан кейін оларды өлтіру. Неліктен заңға есеп жүргізу, медициналық көмек көрсету міндеті, жануарлардың азап шеккені үшін жаза сияқты баптар енгізілген? Бұл түзетулер емес. Бұл заңға мүлдем қарама-қарсы нормалар», – деді Зооқоғамдастық альянсының мүшесі.

Айта кетерлігі, көптеген дамыған елдер қаңғыбас жануарлармен күресте гумандық

Animal Law саласындағы қоғамдық ұйымдар, сарапшылар мен заңгерлер үздік әлемдік тәжірибе мен заңнаманы таныстыра отырып, баламалы заң жобасын әзірледі. Бұл ұсыныстар бұралқы жануарлар мәселесін шешудің кешенді шараларын қарастырады, соның ішінде:

1. піштіру міндетін белгілей отырып, иелері бар иттер мен мысықтарды өсіруді шектеу (белгілі бір ерекшеліктермен) және иттер мен мысықтарды коммерциялық өсіруді бақылау тетіктері;
2. бірыңғай мемлекеттік базада жануарларды санауды және есепке алуды қамтамасыз ету;
3. тасталған жануарлар үшін иелерінің жауапкершілігін арттыру.



әдісті таңдайды: аулау, стерильдеу, вакциналау және қайтару. Зооқорғаушылар Сингапур тәжірибесін мысалға келтірді, ол бес жылдан астам уақыт бойы АСВҚ тиімді жүзеге асырады. Нәтижесінде халықтың қаңғыбас жануарларға шағымдану деңгейі 70%-ға төмендеді.

«Бұл әдіс Үндістанда, Италияда, Португалияда, Тайландта, Болгарияда да қолданылады. Қазіргі уақытта АҚШ-та эвтаназия деңгейі асырап алудың өсуіне, бұрынғы иелерін белсенді іздеуге және эвтаназияны 0%-ға дейін төмендетуге бағытталған «Өлтірусіз» стратегиясына байланысты 10%-дан аз», – делінген зооқорғаушылардың хабарламасында.

Бұл мәселеде Алматы қаласының әкімдігінің тәжірибесі де айтарлықтай көрнекі болып табылады.

«Әкімдікте баспаналарға көмек көрсету мысалдары бар, жеке еріктілермен қаржылық, ұйымдастырушылық және жаңа іс-шараларды енгізу бойынша өзара іс-қимыл жасау мысалдары бар. Мысалы, мысықтар үшін үйшіктер орнату. Немесе сол ауланған мысықтар баспаналарға беріледі. Әрине, бізде оларды көшелерден не үшін жинады деген сұрақ туындайды. Жануарларға қол тигізбеу керек, оларға қамқорлық жасау керек деген халықпен жұмыс жүргізілген жоқ. Тамағын беріп, тазалап, стерилизация жасайтын кураторларды даярлау мәселесін жолға қою қажет», – деп атап өтті Жанна Исингарина.

Жанна Исингаринаның өзі заңның пәрменді орындалуы үшін Экология министрлігі, атқарушы билік – әкімдіктер тұлғасында мемлекеттің бірлескен күш-жігерін үйлестіруге көмектесу үшін 2022 жылы зооқорғаныс қызметіне қосылды.

«Мен биліктің қоғаммен өзара іс-қимылын көрдім. Мен өз білімімді, құзыреттерімді және мемлекеттік билікпен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктерін пайдаланып, күш-жігерімді сындарлы әрі тиімді жұмысқа бағыттауды шештім. Бұл қолымыздан келді. Алматы әкімдігі қолдау көрсетіп, шынында да заңның орындалуын қамтамасыз ететін орган екенін дәлелдеді. Зооқорғаушы ұйымдармен, еріктілермен үнемі кездесіп отырды. Олардың заңның функцияларын қалай жақсы орындау керектігі туралы пікірлеріне қызығушылық танытты. Кейінірек «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңды енгізу үшін Зооқоғамдастық альянсы құрылды. Атап айтқанда, біз Оқу-ағарту министрлігінің, Алматы қаласы әкімдігінің, мәжіліс депутаттарының және Қаңғыбас жануарлардың мониторингі жөніндегі грузин агенттігінің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырдық. Алматының мысалында осы құралдарды



басқа өңірлерге беру үшін зооқоғамдастық және атқарушы биліктің тиімді өзара іс-қимыл алгоритмдері пысықталды. Ал өткен жылы Зооқоғамдастық альянсы Қазақстанның Азаматтық альянсының құрамына енді», – деп бөлісті Жанна Исингарина.


Жанна Исингарина төрт аяқты достарының өмірін жақсартуға қатысумен қатар, жануарларға жауапкершілікпен қарау тақырыбында студенттерге дәріс оқиды.

«Тек бей-жай қарамайтын оқытушылардың бастамасымен осындай дәрістер өткізілуі мүмкін. Мысалы, КИМЭП-те ассистент-профессор, құқық саласындағы PhD, Дүниежүзілік зооқұқық қауымдастығының сарапшы мүшесі, KazBar ЗКП Animal LOW комитетінің мүшесі Мария Байдельдинова жұмыс істейді. Оның бастамасы бойынша заңның әр бағыты бойынша дәрістер дайындалып, олардың мағынасын егжей-тегжейлі ашып, басқа НҚА тиісті нормаларына сілтемелер жасалды. Бұл дәрістер университеттің веб-сайтында қолжетімді. Мұндай жұмыс адамдардың сауаттылығын арттырады. Бірақ мұнда да жүйелілік қажет! Мемлекеттің қатысуы қажет! Құқықтық мемлекетте, тұрақты қоғамда өмір сүргісі келетіндердің және елдің өркендеуін қалайтындардың бәрі бұл қоғамды ізгілендірусіз мүмкін емес екенін түсінеді. Сондықтан Қазақстанның Азаматтық альянсының қолдауымен дөңгелек үстелдер өткізуге бастамашылық жасалды, онда Президенттің тапсырмаларына кедергі жасауға назар аударылды. Халықаралық қауымдастықты өзекті проблемаға тарту үшін БҰҰ-на жүгіндік», – деп бөлісті Жанна Исингарина.

Ол елдің нағыз адамгершілік әрі достық мемлекетке айналуы заңдарды орындаудан ғана мүмкін екеніне сенеді. Алдын алу шаралары да, жазалау шаралары да жұмыс істеуі керек.

«Тбилисиде қаңғыбас жануарларды реттеу, олардың сандық азаюы Қаңғыбас жануарларды бақылау агенттігінің қызметі басталғаннан бес жыл өткен соң болды. Ал адамдардың санасы ертерек өзгерді, өйткені шаралар кешені жұмыс істеді», – деп қосты Жанна Исингарина.

БЛИЦ САУАЛНАМАСЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – БҰЛ...



**Бибіхан Серікова, Nazarbayev University
PR-менеджері**

- Мен үшін азаматтық қоғам – бұл әркім өз рөлін түсінетін және ел өміріне белсенді қатысатын өркендеген жүйе. Қазақстандық жастардың өкілі ретінде мен сайлауда дауыс беріп қана қоймай, сонымен қатар қарсылық білдіруге, идеялар ұсынуға, еркін сөйлеуге және ортақ игілік үшін басқалармен бірге жұмыс істеуге құқығым бар деп санаймын. Мен мемлекеттің кадрлық қажеттіліктерін жабатын азамат қана емес – мен оның дауысымын, оның бейнесімін. Қазіргі азаматтық қоғамда әркімнің пікірін бағалайды, бір-бірін қолдайды және жақсы болашаққа ұмтылу үшін қателіктермен бірге жұмыс істейді.

Өзін қоғамның бір бөлігі деп санайтын кез

келген адам азаматтық қоғамның өркендеуіне өз үлесін қоса алады. Бұл білім алуға, дағдыларды үнемі жетілдіруге, шетелде оқуды таңдауға деген ұмтылыста көрінеді. Менің ойымша, біз, жас ұрпақ, мемлекет ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдалануымыз керек. Мысалы, әр түрлі білім беру бағдарламаларын қолдана отырып, шетелде оқуға құжаттар тапсыруға болады. Мүмкіндікті жіберіп алмау керек. Үздік болуға ұмтылу керек. Жай ғана қолыңды қусырып, бәрінің нашар екені туралы айтуға болады. Немесе өз өміріңді жақсы жаққа өзгертуге тырыса аласың. Мен үлкен қалада – еліміздің астанасында тұрамын. Өз-өзіңді дамыту үшін мүмкіндіктер көп! Бұл шет тілдер курстары, спорттық марафондар, кітап клубтары, мәдени іс-шаралар. Барлығы біздің қолымызда!

**Аиша Ергенбай, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
студенті, белсенді**

- Мен үшін азаматтық қоғам – бұл адамдар өз көзқарасын еркін білдіре алатын, мүдделері бойынша бірігетін және мемлекеттің араласуынсыз өз құқықтарын қорғай алатын кеңістік. Бұл қоғам – тек мемлекеттік құрылымдар ғана емес, сонымен бірге ел өміріне әсер ете алатын азаматтардың өздері екенін көрсетеді. Азаматтық қоғамда бастамалардың биліктен «жоғарыдан» емес, қарапайым адамдардан «төменнен» шығуы маңызды деп ойлаймын. Менің ойымша, азаматтық қоғам азаматтар мен билік арасында тепе-теңдікті сақтайды.

Азаматтық қоғамға мен еріктілер ұйымдарын, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын, қайырымдылық қорларын, қоғамдық қозғалыстарды, сондай-ақ айналада болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтын белсенді адамдарды жатқызар едім. Мұндай бірлестіктер маңызды әлеуметтік проблемаларды шешуге, әділдікті қолдауға және елдің дамуына қатысуға көмектеседі. Менің ойымша, дәл азаматтық қоғам арқылы адамдар өздерінің дауысы шынымен бір нәрсені білдіретінін сезіне алады.

Еуразия ұлттық университетінде оқудан басқа, мен университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысамын. Мен студенттердің өмірін жақсартуға, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысатын жастар ұйымының мүшесімін. Біз отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, экология, климаттың өзгеруі, жаман әдеттерден бас тарту мәселелерін көтеріміз. Бірде біз үй жанындағы дүкендер кәметке толмағандар мен 21 жасқа толмаған адамдарға темекі өнімдері мен алкогольді сатпайтынын білу үшін әлеуметтік эксперимент жүргіздік. Кейбір дүкен иелері бұған көз жұмып, тек пайда табу үшін сататыны анықталды. Қоғамдық ұйым ретінде біз жағдайды өзгертуге, өз көмегімізді ұсынуға тырысамыз. Университет қабырғасында осындай жастар ұйымдары жұмыс істейтініне өте қуаныштымын. Біз қоғамның бір бөлігі ғана емеспіз. Біз оқиғалардың бағытына қалай әсер етіп, айналамыздағы кеңістікті жақсартуға алатынымызды түсінеміз.

Менің болашақ мамандығым ядролық физикамен байланысты. Мен бұл саланы бекер таңдаған жоқпын. Елдегі жағдайды зерттеп, теледидардан Президенттің сөйлеген сөздерін естідім. Мемлекет басшысы стратегиялық міндеттердің бірі ядролық ғылым мен технологияны дамыту екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Қазақстан бұл салада айтарлықтай әлеуетке ие. Ядролық медицина, сутегі энергетикасы, суды тұщыландыру, синтетикалық отын өндіру – біз игермеген көптеген салалар. Оқуды аяқтағаннан кейін мен осы салада дамып, ғылымның дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Бұл менің қоғамның өркендеуіне қосқан жеке үлесім болады.

Жантас Қайратов, HR-менеджер

Азаматтық қоғам мен үшін – бұл мемлекеттік жүйеден тыс, адамдардың белсенділігі мен саналығы, олар өздері үшін маңызды мәселелерді шешу мақсатында бірігетін орта. Персоналды басқару, персонал менеджменті саласында жұмыс істейтін адам ретінде мен оны күн сайын корпоративті ортада көремін. Яғни, қызметкерлер бастама көтергенде, жақсартуды ұсынғанда, волонтерлік жобаларға қатысқанда, ұйымымызда әлеуметтік маңызды тақырыптарды көтергенде. Бұл – ұйым деңгейіндегі азаматтық қоғамның көрінісі. Бүгінде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу танымал болуда. Егер біз жоғары оқу орындары туралы айтатын болсақ, төртінші мақсат – сапалы білім беру.

Өз пікірін қорғайтын, басқаларды құрметтейтін, айналасындағыларға қамқорлық жасайтын, әркім өзі үшін ғана емес, біздің ортақ болашағымыз үшін де жауапкершілікті сезінетін азаматтық ортаны қалыптастыратын адамдар. Мен үшін азаматтық қоғам – бұл саясат туралы емес, бұл адамдар мұны дұрыс деп санайтындықтан әрекет ететін қоғамның кемелденуі туралы.

Рүстем Айтқожин, кәсіпкер

Азаматтық қоғам – бұл әр азаматтың ұстанымы. Мысалы, көшеде бара жатып, қоқыстың шашырап жатқанын көресің. Оны жинап, қоқыс жәшігіне салуға болады. Табиғатқа шыққанда өзіңнен кейін қоқыс қалдырмай жинап кету. Яғни, егер сен қоғамды өзгерткің келсе, өзіңнен бастауың керек. Кәсіпкер ретінде мен әлеуметтік жауапкершілікті сезінудің, экологиялық жауапкершілікті ұмытпаудың, қызметкерлерге қамқорлық жасаудың, мүгедектерге жұмыс орындарын ұсынудың, пайданың бір бөлігін қайырымдылыққа берудің қаншалықты маңызды екенін түсінемін. Бұл – біздің саналы әрекетіміз бен қоғамдық өмірге қатысуымыздың көрінісі.

Мен үшін азаматтық қоғам – бұл әрбір адамның елде болып жатқан жағдайға жауапкершілікпен қарап, өз пікірін еркін білдіре алатын орта.

Менің ойымша, азаматтық қоғамның құндылығы – ол белсенді және жауапты азаматтарды тәрбиелеуге көмектеседі. Кейде мен мектеп оқушыларының еріктілер жобаларына қатысып, қоғам үшін қызықты және пайдалы құрылғылар ойлап тауып, әлеуметтік тақырыптарды талқылап жатқанын көремін. Бұл мені қуантады. Бұл – азаматтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шағын қадам.

Конрад Аденауэр атындағы Қор - Германия Федеративтік Республикасының саяси қоры.
Қор өзінің бағдарламаларымен және жобаларымен халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікке белсенді және пәрменді ықпал етеді.

Қазақстанда Қор өкілдігі өз жұмысын 2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шақыруымен бастады. Қор мемлекеттік органдармен, ҚР Парламентімен, азаматтық қоғам ұйымдарымен, университеттермен, саяси партиялармен, кәсіпорындармен әріптестікте жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы Қор қызметінің негізгі мақсаты саяси, білім беру, әлеуметтік, мәдени және экономикалық даму саласындағы ынтымақтастық жолымен Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті нығайту болып табылады, сол арқылы Қазақстанның одан әрі дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қор қызметінің басым бағыттары:

- Партияның саясаты мен жұмысы бойынша кеңес беру
- Парламентаралық диалог
- Энергетика және климат
- Жергілікті өзін-өзі басқару
- Саяси білім
- БАҚ (Медиа)
- Жергілікті Sur-Place шәкіртақы бағдарламасы



Мекенжайы:
Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігі
Қабанбай батыр көшесі, 6/3 - 82
010001 Астана қаласы
Қазақстан



Байланыс деректері:
Info.Kasachstan@kas.de
+7 7172 92 50 13
+7 7172 92 50 31

<https://www.kas.de/kk/web/kasachstan/>